

СЫРТҚЫ САЯСАТ

БАЙДЕН ТАҚҚА
ТАЛАСТАН БАС
ТАРТТЫ

2

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҢАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Almaty
AQSHAMY

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №58 (6509) 23 шілде, сейсенбі, 2024 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

САРАПТАМА

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ РЕЙТИНГ

Біріккен Ұлттар Ұйымы сауда және даму Конференциясының зерттеуіне сүйенсек, сырттан келетін инвестиция көлемі бойынша Қазақстан посткеңестік елдердің көшбасшысы.

Қазіргі жаһандану заманында инвестиция мемлекеттің дамуының басты шартына айналды. «Оқшаулану» саясатын ұстанған елдер тұрақты экономикалық даму жолына түсе алмайды. Себебі, әлемде өз-өзін толық қамтамасыз ете алатын мемлекет жок. Бәрі бір-біріне тәуелді. Бір елде бар тауар, келесі елде жоқ. Сондықтан сырттан келетін инвестицияға мемлекеттер өзара бәсекеге түседі. Ал инвесторға құйған қаржысының қауіпсіздігі, табыс әкелуі маңызды. Сондықтан сырттан келетін инвестор, ең алдымен, сол мемлекеттің инвестициялық ахуалына мән береді. Ендеше, Қазақстан мен жалпы посткеңестік елдердің инвестициялық ахуалына тоқталсақ.



Қазақстан туралы АҚШ үкіметі не дейді?

АҚШ-тың өзге елдерден ерекшелігі америкалық компанияларға әлем елдерінің инвестициялық ахуалы туралы өздері сараптамалық ақпарат дайындайды. Сонымен қатар, инвестицияларды ілгерілету лоббиінің ықпалы басым. Осы орайда АҚШ Үкіметінің Қазақстандағы инвестициялық ахуал туралы ресми сайтта жарияланған ақпаратына көз жүгірттік. Сараптама 2023 жылға арналған. Сол ақпаратты талдап мынадай маңызды тұстарын алдық:

ТҰРҒЫН ҮЙ

БАСПАНАЛЫ БОЛАМ ДЕСЕҢІЗ...

«Алматы жастары» ипотекалық бағдарламасына өтінім қабылдау басталады

Алматы қаласы Коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасы 2024 жылы 29 шілде мен 7 тамыз аралығында «Алматы жастары» бағдарламасы аясында тұрғын үй сатып алуға қажетті жеңілдетілген несие алу үшін 35 жасқа дейінгі жастардан өтінім мен құжат қабылдаудың басталатыны туралы хабарлайды.

Бағдарламаға қатысу үшін өтінімді www.almaty-zhastary2024.kz сайты арқылы беруге болады. Бұл үшін электрондық цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ) қажет.

- Бағдарлама аясында несие беру шарттары:
- Қарыздың ең жоғары сомасы – 18 млн теңгеге дейін;
 - Пайыздық мөлшерлеме – 5%;
 - Бастапқы жарна – 10%;
 - Бастапқы және қайталама тұрғын үй алу мүмкіндігі;
 - Қамту – ең кемі 1200 адам.

ҚАТЫСУҒА ҚОЙЫЛАТЫН НЕГІЗГІ ТАЛАПТАР:

- Қазақстан Республикасының азаматтығы.
- Өтінім беру кезінде өтініш берушінің және жұбайының (бар болса) Алматы қаласында тұрақты тіркеуі болуы.
- Өтінім беру кезінде қатысушы 35 жасқа толмауы керек, ал жұбайының (бар



болса) жасы есепке алынбайды. Бағдарламаға негізгі қатысушы ретінде ерлі-зайыптының біреуі ғана қатыса алады.

4. Қатысушының және оның отбасы мүшесінде меншік құқығында тұрғын үйдің, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында соңғы 5 жыл ішінде тұрғын үй жағдайының әдейі нашарлауы фактісінің болмауы.

5. Қатысушының Алматы қаласында ең кемі соңғы 6 ай бойы міндетті зейнетақы аударымы бар жұмыс өтілі болуы қажет. Атап айтқанда, денсаулық сақтау, білім

беру, мәдениет, спорт, ЖОО-лар және ҒЗИ, журналистер, әлеуметтік сала, құқық қорғау органдары, қалалық коммуналдық қызметтер және «Жұмыс істейтін жастар» бағдарламасы бойынша жаладаушылары (2019 жылы желтоқсан).

Толығырақ ақпарат www.almaty-zhastary2024.kz сайтында жазылған. Анықтама телефоны: +7 (727) 225-14-57.

Алматы қаласы Коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасы.

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы (бүгін және ертең)

23.07.2024

Түнде: +20+22 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз: +32+34 °C
Көшпелі бұлтты, өткінші жаңбыр, найзағай.

Желдің жылдамдығы: 3-8, найзағай кезінде екпіні 18 м/с

24.07.2024

Түнде: +20+22 °C
Көшпелі бұлтты, өткінші жаңбыр, найзағай.

Күндіз: +32+34 °C
Көшпелі бұлтты, өткінші жаңбыр, найзағай.

Желдің жылдамдығы: 3-8, найзағай кезінде екпіні 18 м/с

www.almaty-akshamy.kz

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ РЕЙТИНГ

Посткеңестік елдердің қайсысы инвесторға тартымды?

Шетелдік тікелей инвестиция деген не?

БҰҰ сауда және даму Конференциясы жыл сайын шетелдік тікелей инвестицияның жаһандық ағыны бойынша есеп береді. Былтыр инвестиция көлемі 1,37 трлн АҚШ долларын құраған. 2022 жылмен салыстырғанда, инвестиция көлемі артқан. Бірақ өсім ауыз толтырып айтатындай емес. Жаһандық инвестиция динамикасына экономикалық белгісіздік пен кейбір мемлекеттердің пайыздық мөлшерлеменің өсуі кері әсер етті дейді сарапшылар.

БҰҰ мәліметіне сүйенсек, дамыған елдерде өсім біркелкі емес. Еуроодақта Люксембург пен Нидерландыда өсім байқалған. Ал Латын Америкасында АҚШ-тың көрсеткіші 2022 жылмен салыстырғанда 3%-ға төмендеген.

Дамушы елдерде де жағдай мәз емес. Қытайға келетін инвестиция 6%-ға төмендеген. Азияның дамушы елдерінде 12%-ға, Африкада 1%-ға төмендеген.

Осы орайда шетелдік тікелей инвестиция қалай есептеледі деген сұрақ туындайды. ҚР Ұлттық банкі мынадай анықтама берген: «Тікелей инвестициялар (direct investment) – бұл халықаралық инвестициялардың санаты, олардың нәтижесінде бір экономиканың резидент инвесторлары басқа экономиканың резиденттері болып табылатын инвестициялау объектілерін



(Дереккөз: kaptavda.kz).

айтарлықтай бақылауға немесе басқаруға әсер етуге мүмкіндікке ие бола алады».

Ал Халықаралық валюта қорының айқындауы бойынша тікелей шетелдік инвестициялар (ТШИ): «мақсаты ұзақ мерзімді пайда алу болып табылатын инвестор елінде емес, экономиканың кез келген саласының кәсіпорындарына салынатын тікелей инвестициялар».

Осы ТШИ арқылы мемлекеттердің инвестициялық ахуал рейтингісі жасалады. Рейтинг арқылы шетелдік инвестор кез келген мемлекет жайлы ақпарат алады. Алынған мәлімет саяси, қаржы-экономикалық және өзге де тәуекелді есептейді.

Яғни «қаражат құю тиімді ме?» деген сұраққа жауап іздейді.

Рейтинг жасаушының әдіснамасы маңызды

Әлемде мемлекеттердің инвестициялық тартымдылығын зерттейтін орталықтар өте көп. Басым көпшілігі батыс елдерінде жұмыс істейді. Әлемдік деңгейде БҰҰ сауда және даму Конференциясы, Халықаралық валюта қоры, Бүкіләлемдік банк ұйымдары жеке әдіснамасына сүйеніп рейтинг құрастырады.

Бұдан басқа көптеген жеке зерттеу орталықтары, қорлар мемлекеттердің инвестициялық ахуалы

туралы зерттеу жүргізеді. Тіпті, кейбір елдерде мемлекеттік деңгейде осындай жұмыс атқарылады. Мысалы, Америка Құрама Штаттары айтсақ болады.

БҰҰ сауда және даму Конференциясының зерттеуіне сүйенсек, сырттан келетін инвестиция көлемі бойынша Қазақстан посткеңестік елдердің көшбасшысы. 2022 жылы елімізге 6,1 млрд АҚШ доллары көлемінде инвестиция құйылған. 15 мемлекеттің ішінде соңғы орында Ресей жайғасқан. Онда инвестиция бойынша кері сальдо тіркелген. Себебі, Украинамен болған жағдайдан кейін инвесторлар жаппай елден кете бастаған. Жалпы, 18,6 млрд АҚШ доллары көлемінде шетелдік инвестиция елден шығарылған.

Рейтингте екінші орынға Өзбекстан (2,5 млрд) жайғасқан. Одан кейін Литва, Грузия, Беларусь, Латвия, Эстония тұр. Қазақстан мен Өзбекстанға инвестиция көлемі Ресейден кеткен шетелдік капитал арқылы өскен. Ал Беларусьта ресейлік капитал нәтижесінде өсім байқалған.

Посткеңестік мемлекеттер	2022 ж. (млрд)
Қазақстан	6,1
Өзбекстан	2,5
Литва	2,1
Грузия	2
Белоруссия	1,6
Ресей	-18,6

АҚШ-ТАН АҚПАРАТ

БАЙДЕН ТАҚҚА ТАЛАСТАН БАС ТАРТТЫ

81 жастағы саясаткер саяси доданы аяқтай алмады

21 шілдеде АҚШ-тың қазіргі президенті Джо Байден алдағы сайлауға түсуден бас тартқаны туралы мәлімдеді. Осылайша 81 жастағы саясаткер саяси доданы аяқтай алмады. Алайда, 2025 жылдың 20 қаңтарына дейін өз өкілеттігін жалғастыра бермек. Ол вице-президент Камала Харристі үміткер ретінде мойындап, Демократиялық партия атынан сайлауға түсуін қолдады. Дегенмен, кімнің партия атынан алдағы президент сайлауына үміткер болатынын 19–22 тамызда Чикагода өтетін демократтар съезді шешеді.

Байденнің шегінісіне не түрткі болды?

Джо Байденнің сайлауға түсуден бас тартуына ең алдымен оның егде жасы мен денсаулығының сыр беруі әсер етті. Ол АҚШ тарихындағы ең егде жастағы президент. Оның 17 шілдеде коронавирусқа шалдыққаны туралы Ақ үйдің ресми өкілі Карин Жан-Пьер хабарлады. Осылайша өзін-өзі оқшаулау режимінде Делавэр штатындағы үйінде қашықтықтан жұмыс істеді. Байден 2022 жылы да COVID-19 инфекциясын жұқтырғанын айта кеткен жөн.

Алайда, бұл жолғы ауру алдағы сайлаудан бас тартуға түрткі болды: «Мен қайта сайлануға ниет білдіргеніме қарамастан, менің партиямының және елдің мүддесі үшін отставкаға кетуім керек және мерзімімнің қалған бөлігінде өз міндеттерімді орындауға ғана көңіл бөлуім керек», – деп жазды Байден Х әлеуметтік желісіндегі парақшасында.

Байденнің бұл қадамы алдағы сайлау науқаны барысын өзгертетіні сөзсіз. Оның сайлау додасынан түсіп қалуына ауырып қалуы ғана себеп емес. COVID-19 инфек-

циясы тек себепші болды. Ол 27 маусымда Дональд Трампқа қарсы дебатты сәтсіз өткізді. Бұл сәтсіздік өз партияластары демократтар тарапынан оппозициялық көзқарасты күшейтті. Сөйтіп, бірнеше партияластары сайлаудан бас тартуын талап еткен.

Қала берді, қоғамдық пікір сауалнамасының нәтижесі де демократтарға қарсы болды. Электораттың басым көпшілігі Байден мен Трамп арасындағы тартысты қайтадан көргісі келмейтінін айтқан. 2020 жылғы сайлауда да екеуі үміткер болған. Осылайша Демократиялық партия жедел әрекет етуге мәжбүр болды. Себебі, АҚШ-та әлі күнге дейін бір саясаткердің емес, партияның мүддесі басым.

Егер 5 қарашада өтетін сайлауда Республикалық партия өкілі Д. Трамп жеңсе, демократтар қазіргі саяси ықпалынан айырылып қалады. Бұған партиялық билік жол бермес үшін кез келген қаламға барады. Тіпті, қазіргі президентті шахмат тақтасынан ысырып тастады. Президенттің мәлімдемесіндегі «менің партиямының және елдің мүддесі үшін» сөздерінің астары да осында.



(Дереккөз: reuters).

Шешуші съезд алдындағы тартыс

19–22 тамызда Чикагода Демократиялық партия съезді өтеді. Онда партия атынан сайлауға кім түсетіні белгілі болады. Қазірше басты үміткер – вице-президент Камала Харрис. 1964 жылы 20 қазанда Калифорния штатында дүниеге келген. 2021 жылдың 20 қаңтарынан бері вице-президент лауазымын атқарады.

Ол АҚШ тарихындағы вице-президент лауазымындағы бірінші әйел, бірінші афроамерикалық және елдің азиялық текті бірінші әйел президент атанбақ. Бұған дейін алғашқы әйел президент атануға Хиллари Клинтон біртабан жақын болды.

К.Харрис Байденнің сайлаудан бас тартқанынан кейін: «Мен Демократиялық партияны және де

Дональд Трампты жеңу үшін біздің ұлтты біріктіруге барлық күш-жігерімді саламын», – деп мәлімдеме жасады. Бағыста, әсіресе АҚШ-та саяси технолог мамандардың біліктілік деңгейін осы мәлімдемеден-ақ көруге болады.

Демократтар Д.Трамппы тұтас ұлттың жауы етіп көрсетуде. Ал «ұлт» сөзінің астарында «демократия» жатыр. Трамп президент болған тұста демократиялық құндылықтар сынға түскен болатын. Бұқаралық ақпарат құралдары мен журналисттер қысым көріп, сөз бостандығына нұқсан тиген.

Сарапшылардың басым көпшілігі К.Харристің үміткер атанатынына сенімді. Оған оның іс-әрекеттері дәлел. АҚШ басылымдары вице-президент Байденнің мәлімдемесінен бұрын демократиялық партия көшбасшыларымен келіссөз жүргізгенін жазуда. Олардың ішінде Джош Шапиро, Стивен Хорсфорд бар. Пенсильвания штатының губернаторы Джош Шапиро

Харрис жеңіске жетіп жатса вице-президент атануы мүмкін деген болжам бар. Ал Стивен Хорсфорд қара нәсілді конгресмендер фракциясының төрағасы. Екеуі де Харристі қолдайтынын мәлімдеген.

Трамп VS Харрис

Джо Байденнің сайлауға түсуден бас тарқаны туралы мәлімдемесінен кейін Дональд Трамп CNN-ге берген сұхбатында: «Харристі жеңу Джо Байденге қарағанда оңай болады», – деп айтты. Оның мәлімдемесінен анти-феминизм байқалады. Себебі, ол бұған дейін де әйел-үміткермен бәсекеге түсіп, жеңіске жеткен.

2016 жылғы президент сайлауында Д.Трамп демократ Хиллари Клинтонмен бәсекеге түскен болатын. Сайлауда таңдаушылардың басым көпшілік дауысына ие болып, 45-ші президент атанды.

Сарапшылардың көпшілігі К.Харрис Х.Клинтонның жолын қуатынына сенімді. Себебі, Трампқа қарсы қастандықтан кейін оның рейтингісі өскен. Демократтар тарапынан жасалған үміткерді алмастыру тактикасы қысқа уақытқа ғана оң нәтиже беруі мүмкін. Себебі, Харрис Байденнің ішкі саясатын жалғастырып, сыртқы саясатта Израильге байланысты тактикасын өзгертуі мүмкін деген болжам бар. Бұл Трампың жеңіске жету мүмкіндігін арттырады.

Бетті
әзірлеген
Пердехан
ШӘМШИЕВ,
сарапшы.





ҚОҒАМДЫҚ БАЙҚАУ

Сенаторлар Алматы қаласындағы аттракциондар мен саябақтардың қауіпсіздігін тексерді. Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттары Нурия Ниязова мен Жанна Асанова Алматы қалалық мәслихаты депутаттарымен және қоғамдық кеңесімен бірлесе отырып халыққа қызмет көрсету кезінде қауіпсіздік қағидалары мен санитарлық-эпидемиологиялық ережелердің сақталуы тұрғысынан қаланың ойын-сауық парктерін аралап, олардың қызметімен танысты.

Нурия НИЯЗОВА, сенатор:

МАҚСАТ – АЛМАТЫЛЫҚТАРДЫҢ МҮДДЕСІН ҚОРҒАУ

Ойын-сауық саябақтарында қауіпсіз және жайлы демалысты қамтамасыз ету – маңызды

Депутаттар ойын-сауық саябағында, балалардың ойын-сауық орталығында, Горький атындағы орталық мәдениет және демалыс саябағында болды. Аттракциондар мен балаларға арналған ойын алаңдарындағы қауіпсіздік жағдайы мен келушілерге қызмет көрсету сапасын бағалау, сондай-ақ саябақтардағы санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен гигиеналық жағдайды сақтауды тексеру – қоғамдық байқаудың басты мақсаты болды.

Депутаттар келушілердің жағдайына, аттракциондардың жарамдылығы мен пайдаланылуына назар аударып, жабдықтардың техникалық



регламентке сәйкес қауіпсіздіктің барлық талабын сақтаудың маңыздылығын атап өтті: «Бүгінгі қоғамдық байқау Алматы қаласы азаматтарының мүддесін қорғауға және оларға ойын-сауық саябақтарында қауіпсіз және жайлы демалысты қамтамасыз етуге бағытталған», – деп атап өтті Нурия Ниязова.

Байқау нәтижесі ҚР Парламентінің кезекті сессиясының басында Сенат депутаттарына балалар аттракционы жұмысының сапасын жақсарту және балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында заң шығару қызметіне ұсынылмақ.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: senate.parlam.kz).

ГРАНТ

Қазір еліміз бойынша мемлекеттік оқу гранты конкурсына қатысуға құжаттар қабылдануда. Жастар технология саласын меңгеруге бет бұрда. Мақаламызда биылғы мектеп түлектерінің болашақ мамандықтарын тандауда қандай құндылықтарды басшылыққа алып жатқанын талдап көрелік.

- Елімізде 145 мыңнан астам түлек болашақ мамандықтарын тандауда.
- Мемлекеттік конкурсқа құжаттар қабылдау 24 шілдеге дейін жалғасады. Қазірге дейін 100 мыңға жуық өтініш келіп түскен.
- Талапкерлердің басым бөлігі Алматы, Астана және Шымкент қалаларында орналасқан жоғары оқу орындарында оқуға бейім.
- Алматы қаласы әрқашанда студенттердің арман қаласы болып қана қоймай, білім мен ғылымның ортасы екендігін биыл да дәлелдеуде.
- Жаңа оқу жылында мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша 145 мың абитуриент қабылданады деп жоспарлануда. Бұл өткен жылмен салыстырғанда, 10 мың адамға көп.



Әрбір үшінші талапкер Алматының жоғары оқу орындарын тандаған

Ғылым және жоғары білім министрлігінің мәліметінше, биыл бакалавриатқа түсу үшін 79 мыңға жуық грант бөлініп отыр. Гранттардың басым бөлігі «Инженерлік, өңдеу, құрылыс салалары» білім беру бағдарлама топтарына бөлінді, олардың саны 19 344 грантты құрайды. Ал «Педагогикалық ғылымдарға» – 13 735 грант, «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» саласына – 10 903 грант, «Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика» бағытына – 8288 грант тиесілі.

Мемлекеттік комиссия мәліметінше, әрбір үшінші талапкер Алматы қаласында орналасқан жоғары оқу орындарында оқығысы келеді. Биылғы мемлекеттік грантқа құжат қабылдау процесі аясында екі ерекшелікті байқадық. Біріншіден, талапкерлеріміздің дайындығы өткен жылдарға қарағанда мығым, жетіле түскен. Республика бойынша Ұлттық бірыңғай тестілеу нәтижесі бойынша орта балл артқан. Екіншіден, жастардың мамандық тандауы бойынша құндылықтары өзгере түскен. Бұл тұрғыда жаһандық ғылыми технологиялық прогрестің ықпалын ескеруіміз қажет. Былдың өзінде еліміз бойынша талапкерлердің таным бөлігі технологиялар, ақпараттық жүйелер саласын тандауда. Дәстүрлі түрде қалыптасып келген «Заңгер», «Экономист», «Саясаттанушы» боламын деген таным өзгеріп, алдыңғы орында технологияға негізделген мамандықтар шығуда. Бұл технократтық ұлт ретінде қалыптасуымыздың алғашқы қадамы деп білеміз.

ТЕХНОКРАТТЫҚ ҰЛТ:
қалыптасудың алғашқы қадамы

Бейіндік пәндер тандау бойынша жаңа бағыттар

Мектеп бітіруші түлектеріміз арасында бейіндік пәндер тандау бойынша жаңа бағыттар қалыптасуда. «Математика-Физика» бағытын – 16,9% талапкер тандаса, «Математика-Информатиканы» – 11,7%, «Шет тілі – Дүние жүзі тарихын» – 9,4% және «Шығармашылық емтиханды» – 9,3% талапкерлер тандаған. ҰБТ-дағы ең танымал комбинациялар – «Биология – Химия», «Математика-Физика» бағыттары болса, талапкерлер ақпараттық технологияларға, медициналық және ауылшаруашылық мамандықтарына басымдық берген. Соңғы бірнеше жылда ҰБТ-ның барлық кезеңдерінде талапкерлер инженерлік, құрылыс, педагогикалық және басқа да мамандықтарға түсуге мүмкіндік беретін «Математика-Физика» комбинациясын көп тандады. Осы комбинацияда мамандық тандау мүмкіндігі де көбірек, сонымен қатар гранттар алу ықтималдығы жоғары.

Ғылым және жоғары білім министрлігінің мәліметінше, талапкерлердің басым бөлігі құжаттарын үш республикалық маңызы бар қаланың жоғары оқу орындарына тапсырып жатыр: Алматы (38 мың), Астана (20 мың) және Шымкент (6 мың). Сәйкесінше, жастар арасында ең сұранысқа ие бағыттар қатарында «Педагогикалық ғылымдар» (25 мың), «Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары» (16 мың) және «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» (13 мың) аталып отыр. Нақты білім беру бағдарламалары бойынша жіктейтін болсақ, «Ақпараттық

технологиялар» мамандығы жастар арасында ең жоғары сұранысқа ие, бұл бағытқа 11 мыңна аса жастың тандауы түскен. «Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау» мамандығына 5 мың өтініш түссе, «Шет тілі мұғалімдерін даярлау» білім беру бағдарламасын 4 мың талапкер тандаған.

Мемлекеттік грантқа құжат қабылдаудың осы сәрсенбіге дейін жалғасатынын ескерсек, жастар арасында болашақ мамандықтар тандауда биыл айқын өзгерістің бар екендігін байқаймыз. Біріншіден, бүгінгі таңда жасанды интеллектіден бастап, басқа цифрлық технологиялардың қоғамның барлық саласына сәтті кіріккендігі себебінен, мыңдаған ата-ана мен жастардың ортақ шешімі – болашақта өздерін ақпараттық технологиялар саласынан көретіндігі анық байқалады. Сонымен қатар, жастарымыздың ақпараттық технологиялар саласына көптеп жасауын келесі бір себебі, мемлекет тарапынан гранттар санының артуы. Себебі, бүгінгі таңда еліміз үшін ақпараттық технологиялар саласында бәсекеге қабілетті мамандар легі қажет. Өткен аптада ғана Үкімет тарапынан қабылданған тарихи құжат – «Жасанды интеллектіні (2024–2029 ж.ж.) дамыту тұжырымдамасына» сәйкес, еліміз алдағы бес жылдықта жасанды интеллект технологияларын экономиканың барлық салаларына сәтті кіріктіре алатын бәсекеге қабілетті мамандар легінің қалыптасуы еді.

Десе де, әрбір ата-ана үшін де талапкер үшін де болашақ мамандық тандау – жауапты әрі маңызды қадам. Бұл тұрғыда талапкер болашақ бағдарын өзінің ішкі түйсігімен, кәсіби мамандық бойынша кеңес беретін мамандармен, ата-анасымен кеңесіп барып

тандағаны жөн. Әрбір талапкер үшін мамандық тандауда ескеруі тиіс негізгі үш қағидат бар. Біріншіден, өзінің қалауы мен қабілетін ескеру. Тандаған мамандықтың жақын бесжылдықтағы болашағы мен мүмкіндіктерін есепке алу қажет. Себебі, талапкер биыл оқуға түскенімен, еңбек нарығына төрт жылдан кейін қосылатын болса, кем дегенде 2028 жылғы еңбек нарығының ерекшелігіне назар аударуы қажет.

Екінші қағидат, жоғары оқу орнын тандағанда білім беру бағдарламасының құрылымы, оқытушы профессорлық құрамы және жоғары оқу орнының білім беру жүйесінің ерекшеліктерімен жіті танысу керек. Бұл тұрғыда қазірге таңда елімізді жоғары оқу орындарының тәуелсіз рейтингін қалыптастыратын «Атамекен» ҰҚП сынды орталықтардың жыл сайынғы есебін ескерген маңызды.

Үшіншіден, еңбек нарығында аталмыш білім беру бағдарламасы бойынша жұмыспен қамтылу деңгейін ескеру маңызды. Әдетте бұл ақпарат әрбір ЖОО-ның веб-сайтында және тиісті министрліктің сайттарында қолжетімді. Әрбір азаматтың тұлға болып қалыптасуында маңызды рөл атқаратын мамандық тандау сәтінде әрбір талапкерге сәттілік серік болғай.

Нұрболат НЫШАНБАЕВ,
сарапшы.

ПРЕЗИДЕНТ ЖАРЛЫҒЫ

ДАРЫНДЫ ӘНШІГЕ ҚҰРМЕТ

Мемлекет басшысының Жарлығымен мәдениет пен эстрада өнерін дамытуға қосқан елеулі үлесі үшін Халық артисі Лаки Кесоғлу І дәрежелі «Барыс» орденімен марапатталды.

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев дарынды әншіге марапатты табыстап, ел Президентінің атынан 85 жылдық мерейтойымен құттықтады.

«Табиғи талант пен қажырлы еңбектің арқасында сіз үлкен шығармашылық жолдан өттіңіз, эстрадалық сахнада кәсіби деңгейде танылуға және табысқа қол жеткіздіңіз. Елімізде және шетелде көптеген жанкүйер сізді жоғары орындау мәдениетіңіз, мәнерлі лирикалық тенорыңыз, репертуарыңыздағы әртүрлі жанрлар мен стильдегі әндеріңіз үшін жақсы көреді және бағалайды. Сіздің өнерге қызмет етуіңіз, мәдени және рухани мұраны арттыруға, дарынды жастарды тәрбиелеуге қосқан зор үлесіңіз үлкен құрметке ла-

йық», – делінген Қасым-Жомарт Тоқаевтың құттықтауында.

Лаки (Пантелей) Кесоғлу 1939 жылы туған, Құрманғазы атындағы Мемлекеттік консерваторияны «Опера, концерттік әнші, оқытушы» мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолын 1967 жылы консерватория жанындағы опера студиясының солисі қызметінен бастаған. 1970 жылы Мәскеуде өткен Бүкілодақтық эстрада артистердің байқауында дипломант атанды. 1972 жылдан 1998 жылға дейін Қазақ телевизиясы мен радиосы эстрадалық симфониялық оркестрінің жетекші-солисі болып жұмыс істеді. Осы кезеңде ол Мәскеудегі Одақтар үйінің

Колонна залында дирижерлер Ю.Силантьев, В.Людвиковский, Б.Карамышев, Г.Гаранян, Ю.Михайлов, В.Мещериннің жетекшілігімен Бүкілодақтық радионың үздік оркестрлерімен бірге Кремльдің Съездер сарайында, «Ресей» концерт залында және т.б. өнер көрсетті.

Лаки Кесоғлу өзінің мансабында кеңестік және грек әндері бар бірнеше грампластинка күйтабықты, сондай-ақ «Капризная погода» жазбасын жазды, онда Тілес Қажығалиев, Алмас Серкебаев, Эдуард Богушевский және т.б. танымал қазақстандық авторлардың әндерін орындады.

Сонымен қатар, Лаки Константинович Қазақстан меценаттарының «Тарлан» жоғары музыкалық сыйлығының иегері, II дәрежелі «Достық» (2004 ж.) және «Парасат» (2019 ж.) ордендерімен марапатталған.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

МӘСЛИХАТ

ЖАҢА ЕРЕЖЕЛЕР

қауіпсіз, ыңғайлы және экологиялық қолайлы қалалық ортаны құруға бағытталған

«Достық үйінде» Алматы қаласы мәслихатының кезектен тыс ХХІ сессиясы өтті.

Мәслихат депутаттары сессия барысында Алматы қаласы аумағын абаттандырудың жаңа ережелерін бекітті. Алматы қаласы әкімінің орынбасары Асқар Әмрин қауіпсіз, ыңғайлы және экологиялық қолайлы қалалық ортаны құруға бағытталған ережелердің бірнеше маңызды аспектісін атады.

– Біріншіден, ережелерде бұқаралық іс-шараларды ұйымдастырушылардың жауапкершілігі бекітіледі. Іс-шарадан кейін олар тазалық жұмыстарын жүргізуге және аумақтарды абаттандырылған көрініске қайтаруға міндетті болады. Концерттер, фестивальдер, жәрмеңкелер және басқа да шаралардың көптігін ескере отырып, бұл – Алматы үшін өзекті және қажетті шара, – деді Асқар Әмрин.

Инфрақұрылымды дамыту кезінде жаяу жүргіншілердің, қоғамдық және велосипед көлігінің және арық жүйелерінің басымдығы бекітіледі. Бұл норма қала тұрғындарының сұранысын ескере отырып әзірленді. Бұған қоса, көріктендіру паспорттарын қолдану жалғасады, олар 2013 жылдан бері тоқтатылған. Паспортқа аумақ иесі және аудан әкімдігі қол қояды. Құжатта тротуарлардың, жасыл желектердің, қасбеттің жағдайларына, пандустар, қоршаулар, көше жиһаздары сияқты элементтермен жабдықтауға қойылатын талаптар бекітіледі. Паспортты енгізу кәсіпкерлік нысандардағы және жеке меншіктегі аумақтардың жағдайларын бақылауды жақсарттады.

Өз кезегінде коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасының басшысы Дулат Өшкенов ережені қабылдау – экологиялық жағдайды жақсартуға және қала аумағын абаттандыруға бағытталған «Таза Қазақстан» акциясы аясындағы маңызды қадам екенін айтты.

Бірыңғай медициналық стандарт қабылданды

Депутаттар күн тәртібінде екінші мәселе ретінде «Алматы қаласының медициналық-санитарлық алғашқы көмектің бірыңғай стандарты» бағдарламасын қабылдады.

Айта кеткен жөн, мегаполисте 1,8 миллион адамға 40 мемлекеттік емханада, ал 517 мың адамға 36 жеке емханада қызмет көрсетіледі. Балалар мен қарттар сияқты тұтынушылар көп тұратын жерде медициналық қызметке жүгінушілер санының тұрақты түрде өсіп отырғаны байқалады. Бұл фактор денсаулық сақтау инфрақұрылымына, әсіресе бүгінгі күні 2 есе шамадан тыс жүктелген МСАК ұйымдарына үлкен әсерін тигізеді.

– Алматы қаласын дамытудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасын және 2030 жылға дейінгі орта мерзімді перспективаларды іске асыру аясында Алматы қаласының әкімдігі Жол картасын, оның ішінде «Инклюзивті орта, білім беру және медицина» бағыты бойынша бекітті, онда амбулаториялық-емханалық көмекті дамытудағы кешенді тәсілді қамтамасыз ету үшін медициналық-емханалық алғашқы көмектің бірыңғай стандартын әзірлеу мен Алматы қаласының санитарлық көмегін (бірыңғай стандарт) енгізуге бастамашылық жасалды, – деді Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Иран Шаметеков.

Алматы қаласының медициналық-санитарлық алғашқы көмектің бірыңғай стандарты аясында көзделген қадамдар:

- жобалық-технологиялық шешімдерге, медициналық қызмет көрсету регламенттеріне, менеджмент пен цифрландыруға көзқарастарды біріздендіру және стандарттау;
- қаланың полицентристік даму қағидаттарына, халық үшін «қадамдық» қолжетімділік қағидаттарына сәйкес емханалар салу;

2024 жылы мемлекеттік меншіктегі 13 МСАК медициналық нысандарының құрылысы мен күрделі жөндеуін аяқтау жоспарланып отыр. 2027 жылы мемлекеттік меншіктегі МСАК-тың 49 медициналық нысандарын (үй-жайларын) жобалауды, салуды және күрделі жөндеуді аяқтау және техникалық тексеру, ҚМЖ бастау және жеке меншік нысанындағы 36 емхананы күрделі жөндеу жоспарланған.

Бұған қоса, Бірыңғай стандартта көшпелі бригаданы ұйымдастыру арқылы МСАК-тың үйде қызмет көрсету функциясын оңтайландыру көзделген. Көшпелі бригадаға қызмет көрсету пациенттің учаскелік дәрігерге қарамай-ақ науқастың жергілікті жерде тест тапсыру арқылы қызметті көп күтпей-ақ алу мүмкіндігіне жол ашады.

Бірыңғай стандарт аясында сыртқы (мемлекеттік органдар) және ішкі (пациенттерді қолдау қызметі) медициналық қызметтердің сапасын бақылау көзделген. Сапа критерийі Алматы қаласы емханаларының бірыңғай стандарты шеңберінде медициналық көмектің жоғары деңгейін қамтамасыз етуде шешуші рөл атқарады. Бұл пациенттерге күтім жасау деңгейін арттыруға, емдеу нәтижесін жақсартуға және медициналық ұйымдардың дамуына ықпал етеді.

Жаңа тариф бекітілді

Алматы мәслихатының кезектен тыс ХХІ сессиясы барысында депутаттар қаланың қоғамдық көлігінде жол жүруге қатысты 120 теңгеге жаңа тарифті мақұлдады.

Бүгінде Алматыда 22 жеке және 1 комму-

налдық автобус паркі жұмыс істейді. Күн сайын желіде шамамен 2,3 мың автобус пен 184 троллейбус жүреді. Қоғамдық көліктермен жол жүретін жолаушылар саны күніне 1,5 миллион адамнан асты. Мәслихат депутаттарының алдында сөз сөйлеген Қалалық мобильділік басқармасының басшысы Сағындық Телібаев 2023 жылғы тамызда жол жүру тарифі 11 жылда алғаш рет 100 теңгеге дейін көтерілгеніне қарамастан, жол ақысын төлеуден түсетін күнделікті түсімдер автобустарды жөндеу, қосалқы бөлшектер мен шығын материалдарын сатып алу сияқты тасымалдаушылардың барлық шығындарын өтейтінін атап өтті.

– Жыл сайын автобустарға, қосалқы бөлшектерге және өзге де шұғыл шығыстарға бағаның өсуі тіркелуде. Қосалқы бөлшектерді уақытылы сатып алу мүмкін емес, ал бұл жолаушылар тасымалының сапасына теріс әсер етуде. Соның салдарынан қала тұрғындары әділ шағымдар жасайды. Әкімдік пен жеке тасымалдаушылар жылжымалы құрамды үнемі жаңартып отыру және жұмыс істеп тұрған автопаркте сапалы күтім ұстау үшін орасан зор қаражат бөлуге мәжбүр, – деді Сағындық Телібаев.

Ол Мемлекет басшысының қоғамдық көлікті экологияландыру жөніндегі тапсырмаларын орындау аясында Алматы әкімдігі 2023 жылы 600 жаңа автобус пен 100 троллейбус сатып алғанын, осы жылы қосымша 600 автобус, 112 троллейбус және 100 электробус сатып алу жоспарланғанын атап өтті. Сонымен қатар, жеке тасымалдаушылар 2023 жылы 550 автобус сатып алды, биыл 400-ге жуық жаңа автобус пен 15 электробус сатып алуды жоспарлап отыр. Қабылданған шаралар 2024 жылы экологиялық таза көліктің үлесін 70%-ға дейін арттыруға мүмкіндік береді. Бұл ретте автобустардың орташа жасы 3 жылды құрайды.

– Бүгінде Алматыда 178 тұрақты қалалық және қала маңындағы бағыттар ұйымдастырылған, биыл 70-ке жуық елдімекенді қамти отырып, қосымша 20 жаңа қала маңындағы бағыттар ашу жоспарлануда. Тасымалдаушылардың нақты шығыстары 310 теңгеден асады, кейбір бағыттарда 400 теңгеден асады, осыған байланысты әкімдік әлеуметтік маңызы бар бағыттарды субсидиялауды жүргізеді. Мәселен, 2017–2023 жылдар аралығында тасымалдаушыларға 217,6 млрд теңге субсидия төленді. 2024 жылы субсидиялардың болжамды сомасы 97,3 млрд теңгені құрайды. Қабылданған шаралар 2024 жылы субсидиялар сомасын 7 млрд теңгеге дейін төмендетуге мүмкіндік береді, сондай-ақ қала тұрғындарын сапалы, қауіпсіз және жайлы қоғамдық көлік қызметтерімен қамтамасыз етуге оң әсер етеді, – деді басқарма басшысы.

Әзірлеген
Досбол АТАЖАН.



Мегаполисте 1,8 миллион адамға мемлекеттік 40 ЕМХАНА қызмет көрсетеді.



2024 жылы мемлекеттік меншіктегі 13 МЕДИЦИНАЛЫҚ нысанның құрылысы мен күрделі жөндеуін аяқтау жоспарланып отыр.



Қоғамдық көлікті қолданатын жолаушылар саны күніне 1,5 МИЛЛИОН адамнан асты.



МӘМС

Алматыда жыл сайын МӘМС есебінен мыңдаған қымбат операциялар жасалады. Жоғары технологиялардың көмегімен жасалатын мұндай оталардың бағасы кем дегенде 1 млн теңге тұрады, ал ең қымбат ота құны 74 млн теңгеге жетіп жығылады. Былтыр алматылық дәрігерлер МӘМС қаражаты есебінен 7 мыңнан астам жоғары технологиялы операцияға қордан 21,7 млрд теңге төленген, биыл мұндай оталарға 25 млрд теңге бөлінді. Қордың Алматы филиалы мамандары қалада жасалып жатқан қымбат әрі ең көп сұранысқа ие операциялар туралы айтып берді.

Жүрекке қосалқы имплант жүйесін орнату, құны – 74,8 млн теңге

Бағасы қымбат болып келетін операциялар көшін жүректің сол жақ қарыншасын ауыстыру (LVAD) отасы бастап тұр. Мұны созылмалы жүрек тапшылығымен ауыратын науқастарды емдеудің заманауи тәсілі әрі жүрек алмастырудың баламасы деуге болады.

Соны аппарат жүрекке қан айдауға көмектесіп, жүрек тапшылығы белгілерін жеңілдетеді. Бұл кейбір ауыр науқастардың өмірін ұзартудың бірден-бір жолы дейді мамандар. Бұрын мұндай пациенттер ағзаның резерві біткенше өмір сүруге мәжбүр болса, аппараттың көмегімен қалыпты өмір сүруге мүмкіндік алады.

Бағасы өте қымбат тұратын мұндай отаны кез келген елдің бюджеті көтере бермейді. Ал Қазақстанда бұл операция МӘМС есебінен жасалып жатыр.

Аллогендік гемопозитикалық дің жасушаларын алмастыру, құны – 16,3 млн теңге

Дің жасушаларын трансплантациялау әдісі жұлыны зақымданған науқастарды емдеу барысында қолданылады. Сондай-ақ, аталған әдіс обырды емдеген кезде зақымданған немесе жойылып кеткен қан жасушаларын алмастыру үшін де пайдаланылып жүр. МӘМС жүйесінің арқасында қолжетімді болып отырған

АЛМАТЫДА ҚАНДАЙ ҚЫМБАТ ОТАЛАР ЖАСАЛАДЫ?

Былтыр МӘМС қаражаты есебінен 7 мыңнан астам жоғары технологиялы операцияға қордан 21,7 млрд теңге төленген, биыл мұндай оталарға 25 млрд теңге бөлінді



жасуша алмастыру операцияларының тиімділігі 54-тен 73 процентке жетіп жығылуы мүмкін, дейді мамандар.

Бауыр алмастыру, құны – 8,3 млн теңге

Бауыр алмастыру – тәуекелі жоғары, қауіпті оталардың бірі. Себебі, бауыр адамның ағза жүйесіне жаппай әсер ететін маңызды орган. Организмде сүзгі рөлін атқаратын бауыр алмастыруда сәйкес келетін донор табу да үлкен мәселенің бірі. Алмастырғаннан кейін науқас күтініп, ұзақ уақыт оналтудан өтуі тиіс.

Өкінішке қарай, елімізде бауыры зақымданған пациенттер саны аз емес. Бұл дерт әсіресе, егде адамдар арасында жиі кездеседі. Былтыр Алматыда 27 науқас МӘМС есебінен бауыр алмастырған.

Автоматты кардиовертер немесе дефибриллятор орнату, құны – 8 млн теңге

Алматылық клиникалар ауыр дерт салдарынан жүрегі кенет тоқтап қалу қаупі бар науқастарға дефибриллятор орнатады. Жүрек тапшылығына шалдыққан науқастар жүрегіне орнатылған аппарат монитор арқылы қашықтан бақылау жүйесіне қосылады.

Заманауи технология пациенттің жағдайын алыстан бақылап қана қоймай, емдеу схемасын реттеп отыруға мүмкіндік береді. Бақылау науқастың телефонына орнатылатын арнайы қосымшаның көмегімен жүргізіледі. Бұл, әсіресе, шалғай аймақтарда тұратындықтан республикалық орталықтарға жиі келіп имплантты тексерте алмайтын науқастар үшін өте ыңғайлы.

Электромагнитті есту аппаратын орнату, құны – 7,3 млн теңге

Шағын ғана электронды құрылғы құлағы естімей қалған адамдардың есту қабілетін қалпына келтіруге мүмкіндік береді. Имплант құлақтың зақымданған ішкі бөлігін айналып өтіп, есту жүйесін стимуляциялайды. Ол өз кезегінде миға импульс беріп, нәтижесінде құлағы мүлде естімейтін науқас ести бастайды.

Аорта қақпақшасын алмастыру, құны – 6,5 млн теңге

Аорта қақпақшасының тарылуы мен жеткіліксіз жұмыс істеуі жиі кездесетін дерт. Көп жағдайда жұмыс істемейтін қақпақша биологиялық немесе механикалық протезбен алмастырылады.

Операция ағзадағы қан айналымын дұрыстап, әр органы жасушалармен қамтамасыз етеді. Отаны тәжірибелі кардиохирург жасаған жағдайда пациент 20–30 жыл бойы сол протезбен жүре береді.

Бас пен мойын тамырлары эмболизациясы (немесе окклюзия), құны – 5,8 млн теңге

Эндоскулярлық эмболизация аневризмге шалдыққан тамырларды емдеудің ең жетілдірілген әдісі. Өткен жылы алматылық нейрохирургтер осындай 586 ота жасаған.

Эмболизация рентген аппарат және контраст сұйықтығының көмегімен жасалады. Нейрохирург рентген арқылы бақылай отырып тамырға катетер енгізеді, содан соң арнайы құрылғының көмегімен қан айналымын ретке келтіреді.

Экстракорпоралды ұрықтандыру (ЭКУ), құны – 1,2 млн теңге

Жасанды ұрықтандыру қатты қымбат болмаса да кейінгі кезде сақтандырылған азаматтар арасында үлкен сұранысқа ие қызмет түрлерінің бірі. Жыл сайын елімізде МӘМС есебінен экстракорпоралды ұрықтандыруға 7000 квота бөлінеді, оның 3241-і – Алматыға тиесілі.

Экстракорпоралды ұрықтандыру – кейінгі кезде ұрпақ әкелетін жастағы әйелдер мен ерлер арасында белең алып бара жатқан бедеулік проблемасына қарсы күрестің ең тиімді тәсілі деуге болады.

МЕДИЦИНА

ДОНОРЛЫҚ АҒЗАЛАРДЫ ТРАНСПЛАНТТАУ

бес ауыр пациенттің өмір сүруіне мүмкіндік берді



(Черекөз: ҚР ДСМ Баспасөз орталығы).

реципиенттердің жағдайы қанағаттанарлық, олар мамандардың бақылауымен оналтудан өтеді.

Екінші донорлық бүйрек пен бауыр Астана қаласының Ұлттық ғылыми онкологиялық орталығында пациенттерге трансплантталды.

Донорлық ағзаларды транспланттау ең күрделі операциялардың бірі болып табылады, алайда тәжірибе, дағдылар және техникалық жарақтандыру оларды біздің елімізде жоғары деңгейде орындауға мүмкіндік береді. Жүрек пен өкпені транспланттау қайтыс болғаннан кейінгі донордан, мидың өлімі расталған кезде ғана жүзеге асырылады. Алайда, одан әрі процесс көбінесе әлеуетті донордың жақын туыстарының шешіміне байланысты.

Ағзаларды транспланттауды сәтті жүргізу – бұл әртүрлі мемлекеттік және медициналық қызметтердің үйлесімді топтық жұмысы. Трансплантологтар тобы бірінші кезекте донордың жақындалары мен туыстарына, ағзаларды транспланттау бойынша бірқатар күрделі операцияларды қауіпсіз жүзеге асыруға көмектескендердің барлығына алғысын білдірді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

МАМАН КЕҢЕСІ

АЛЛЕРГИЯ

Өздігіңізден ем жасамай, дәрігерге қаралыңыз

Бүгінде «аллергия» сөзі көбімізге таныс. Тіпті, көктем шыға айналамызда үздіксіз түшкіріп, көздері қызарып жүретін адам жиілейді. «Аллергия» терминін 1906 жылы балалар дәрігері Клеменс фон Пирке енгізген.

Симптомдар ежелден бері белгілі. Аллергия туралы алғаш рет Ежелгі Египетте айтылған, бірақ оны ауқымды зерттеу тек XIX ғасырда басталды.

Аллергия – бұл организмнің қоршаған ортаның кейбір факторларының, яғни аллергиягендердің әсеріне жоғары сезімталдық жағдайы, осы заттардың әсерінен өршиді. Бұл аурудың дамуына ықпал ететін факторлардың ішінде ең көп тарағаны: қоршаған ортаның лас-тануы, шамадан тыс психологиялық жүктеме, климаттың өзгеруі, сапасыз тамақ өнімдері, дәрі-дәрмектерді бақылаусыз қолдану.

Кардиология және ішкі аурулар ҒЗИ-ге қарасты Республикалық аллергиялогия орталығының басшысы Арай Батырбаеваның айтуынша, кез келген аллергияның негізгі себептері адамның генетикасына негізделген. Көбінесе аллергия ерте жаста тағамға жоғары сезімталдықпен пайда бола бастайды.

– Аллергиялық аурулардың ал-

дын алу үшін аллергия тудыратын заттарды анықтау және есте сақтау қажет. Олармен байланыста болудан аулақ болыңыз, қажет болған жағдайда өзіңізге қалай көмектесуге болатындығын біліңіз. Егер өсімдік тозаңына аллергияңыз болса, ауа температурасы жоғары болған кезде күнге шықпаңыз, бетперде қолданыңыз. Егер жәндіктер шағып, орнында жәндіктің уы қалса, оны алып тастаңыз және тістеген жерге суық компресс қойыңыз. Үйдегі дәрі қобдишасында дәрігер тағайындаған дәрі-дәрмектер болуы керек. Өздігінен емдеумен айналыспай, медициналық мекемеге жүгініңіз, – дейді дәрігер.

Айта кету керек, КІАҒЗИ Республикалық аллергиялогия орталығында аллергиялог-дәрігерлердің білікті кеңестері, аллергиялық ауруларды диагностикалау және емдеу жүргізіледі. Қабылдау күн сайын МӘМС шеңберінде және ақылы негізде жүргізіледі.

Ауырмайық, ағайын!

Бетті әзірлеген Нұржамал ӘЛШЕВА

Донор – геморрагиялық инсульт алған 44 жастағы әйелге қатысты дәрігерлер консилиумы мидың өлімін растаған. Қиын жағдайда оның туыстары бұл қадамның маңыздылығын түсініп, қайтыс болғаннан кейін ағзалардың донорлығына келісім берді.

УМС жүрек орталығында меди-

циналық топ бұрын механикалық қан айналымын қолдау құрылғысы LVAD имплантталған 43 жастағы пациентке донорлық жүректі транспланттауды жүргізді. Екінші пациентке өкпені транспланттау жүргізілді. УМС Ана мен бала орталығында 15 жасар қызға бүйректі транспланттау жүргізілді. Барлық

МӘСЕЛЕ

ӘЖЕЛЕР МЕКТЕБІ – ТӘРБИЕ ӘЛІППЕСІ

Аналарынан алған үлгі болса керек, Тоғжан мен Толғанайдың тұрып жатқан жалдамалы пәтерлері тап-тұйнақтай. Ұқыпты қыздар екені көрініп тұр. Бөлмелерінде көлденең шашылып жатқан зат жоқ. Тірліктері табиғдай. Әсілінде, мұндай көрініс қазақы тәрбиемен сусындап өскен балаларда ғана болады. Өздері сондай сабырлы, сөйлеген сөздері де, іс-қимылдары мен киім киістері де қарапайым. Қайсыбіреулерге ұқсап қымбат көйлек немесе соңғы үлгідегі телефон деп тұрған олар жоқ, барларын қанағат тұтады. Ең бастысы, киімдері бүгін, қолындағы телефондары керек адамдарымен байланысуға, қажетті ақпараттарын алуға жарап тұр. Жалпы, бесігінде жақсы тәрбие алған, үлгі-өнеге көрген қыз бала бойжеткенде сол әдетін сақтайды. Осындай қыздар тұрмысқа шыққанда жұбайын сыйлайтын, ата-ененің алдынан қия өтпейтін, әдепті келін атанады. Әйтсе де, менің айтпағым бұл емес. Маған қыздардың әжелерінен қалған заттарды қалай ұқыптап ұстап отырғаны ұнады. Соны айтайын...

Кұралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Ұлттық құндылықтарды дәріптеп, салт-дәстүрімізді құрметтейтін ұрпақ өсіру үшін отбасылық тәлімнің діңгегін қатайту керек



апа...» деген соң бала көңілін қимадым. Үйге кірдік. Күртешемізді шешкенше үлкені Толғанай шәугімін ала жөнеліп, газға шай қойып үлгерді. Амандық-саулық сұрасып, келген себебімізді айтқанша шай да қайнады. Ас бөлмеге барып дастархан басына жайғасқанымыз сол еді, құрбым әңгіме бастады:

– Үйлерің қандай тап-таза! – деді жан-жағына көз тастап...
– А-а-а-а, шашатын ешкім жоқ қой. Оның үстіне күні бойы сабақтамыз, – деді Тоғжан сәл жымиып.
– Ой, біздің үйде қандала пайда болып, мазамыз кетті. Кеше үйдегі көрпе-жастықтың бәрін тастадым. Ескі-құсқы заттарды қалдырмадым, – деді құрбым.

– Ойбай-ау, көрпе-жастықты тастағаны несі? Өткендегі әжең берген сырмақты да тастай салдың ба? – дедім көзім шарасынан шыға таңқалып.

– Иә, бәрін тастадым...
– Неге тастадың, досым? Ол сырмақты арнайы немереме деп, өзі көз майын тамызып отырып жасаған деп едің ғой... Әжеңнің көзі ғой...

– Әпке, неге тастадыңыз? Мен әне, әжемнен қалған көрпені әлі пайдаланамын. Ол менің бала кезімде ертегісін айтып, маңдайымнан сипаған асыл адамның бұйымы. Тұрмысқа шыққанда да алып кетемін, бұйырса. Әжемнің ақылымен өсіп, әжемнің тәрбиесімен сусындаған соң ба, оның қолының табы тиген әр зат, әсіресе,

осы көрпесі қымбат. Ешқашан тастауға, тоздыруға жол бермеймін, – деді Толғанай.

Құрбымның әрекетінен жанарыма жас толып, кеудемде бір қимастықтың өкініштің табы сезілді. Сіз мұны дүниекоңыздық деп түсіне көрмеңіз. Өтпеген-айы бүгінде сол әжелердің қолынан шыққан қазақы болмысымызды айшықтайтын текемет-сырмақтардың санының кемігені. Өкініштісі, сол ұлттық құндылықтардың қадірін түсінбейтін жандардың көбейгені...

Баяғыда үлкен апаларымыздың қолынан ұршығы түспейтін. Қойдың жүнін жуып, түтіп, сабап, кейін оны иіріп жіп жасап жатушы еді. Бала емеспіз бе, шыр айналған ұршығына қарап, қызығатынбыз. Өлгі құралды санына бір үйкеп қалғанда, шыр-көбелек айнала жөнелген ұршықтан лезде уысына толатындай жіп иіріліп шыға келетін. Одан бізге шұлық тоқитын.

Міне, сол ұршық әжелермен бірге кетті ғой... Үлкендердің көзі кеткелі қой жүні жіпке айналмады. Ұршық иірілмеді, текемет басылмады. Қазір оларды ауылдық жерлерде болмаса, қалада шаммен іздесең де таппайсың. Себебі, заман дамыды, техниканың қызметі артты. Қыз-келіншектердің барлығы бір ғана тетіктің көмегімен жүзеге асатын «ақылды машиналарды» пайдалануға көшті. Рас, біздің заман ұршыққа мұқтаж емес. Атадан қалған асыл мұраларымыз бен ұлттық болмысымыз осылайша жоғалып кете бере ме деп ойлайды екенсің. Өйткені, қазіргі жастар өткенін білуге онша құштар емес. Бізге ұлттық құндылықтарды дәріптеп, салт-дәстүрімізді құрметтейтін ұрпақ өсіру үшін отбасындағы тәрбиенің діңгегін қатайту керек. Ол үшін табиғатынан нәзіктік пен ұяндық тән қыз баланы үй тірлігіне икемдеп, ұлдарымызды қайсарлық пен кеңдікке баулығанымыз жөн. Ал мұндай тәрбиеден олар ұтпаса, ұтылмасы анық.

Мақалаға арқау болған қыздардың ата-аналарына мың алғыс деймін. Себебі, олар өскен ортада ұлттық тәрбиенің ісі аңқып тұр. Қазікемнің «Тәрбие – талбесіктен» дегені осы болар, бәлкім...

КӨРМЕ

«ЕРТЕГІ ӘЛЕМІНЕ»

САЯХАТТАҢЫЗ



Әбілхан Қастеев атындағы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік өнер музейінде түрлі елдердің халық ертегілері мен поэтикалық аңыздары негізінде орындалған, музей коллекциясынан белгілі қазақстандық график-суретшілер мен мүсіншілердің 60-тан астам туындысын ұсынатын «Ертегі әлемі» көрмесі ашылды.

Нұржамал
ӘЛШЕВА

қазынасы, тарихи куәліктердің қайнар көзі, әрбір халықтың жан-дүниесінің көрінісі болып қала береді.

Эпикалық аңыздар мен халық ертегілерінен дарыған бейнелер әлем суретшілерін де толғандырған деуге болады. Мәселен, ертегі сюжеттеріне тамаша картиналар мен иллюстрациялар жасағандар қатарында орыс шеберлері В.Васнецов пен И.Билибин, британдықтар Джон Тениел мен Артур Рэкхем, француз Густав Доре мен даниялық Кей Нильсен, американдықтар Максфилд Пэрриш, Мэри Блер мен Роберт Ингпен, кеңестік Е.Чарушин, Е.Рачев, И.Олейников сынды дарынды авторлар бар.



Қазақстанның бейнелеу өнерінде де көптеген суретші халық поэмалары мен ертегілеріне иллюстрациялар жасай отырып, ұлттық ауызша мәдениеттің баға жетпес мұрасын қалдырған. Экспозицияда И.Исабаев, В.Антощенко-Оленев, Е.Сидоркин, Б.Пак, В.Тимофеев, К.Баранов, А.Бейсембинов, А.Дүзелханов, К.Бекенов, Б.Табылдиев, А.Гурьев, Е.Мергенов, У.Шанов-



тың жұмыстарымен танысуға болады.

Көрме баспа графикасы техникасында орындалған туындыларды қамтиды. Оның ерекшелігі – ағаш тақтада, металл пластинада немесе таста арнайы құралдардың көмегімен түпнұсқа бейнені орындау, содан кейін оны қағазға басып шығару. Баспа графикасы өнері кітаппен, мәтінмен тікелей байланысты, оның

интеграцияланған жалғасы бола отырып, оқырманға әдеби шығарманың кейіпкерлері мен сюжеттерін түсінуге және елестетуге көмектеседі.

– Жаһандық әлем дәуірінде, ХХІ ғасырдың басында пайда болған визуалды және басқа да техникалық құралдардың шексіз алуан түрлілігімен қоршалған заманауи адам үшін ертегі әңгімелерінің сиқырлы өзгерістері мен ғажайыптары аңғал болып көрінуі мүмкін, кейде олар өте шынайы және таңқаларлық емес. Бірақ цифрлық ғасырдың барлық жетістіктеріне қарамастан, халық ертегісі әрқашан адамдарды өзінің шынайылығымен және даналығымен, рухани тереңдігімен, ондағы мағыналар мен ұғымдардың байлығымен тартады, бізді әрдайым шындық пен сұлулық жеңетін қиял мен армандардың ерекше және әдемі әлеміне қайта қайтарады, – дейді музейдің «Қазақстан бейнелеу өнері» бөлімінің жетекшісі Гүлнұр Жұбанова.



«АЛМАТЫ АҚШАМЫНЫҢ» ҚОНАҚЖАЙ ШАҢЫРАҒЫ

Эврен МҮДЕРРИСОҒЛЫ,
Түркияның Алматыдағы Бас консулы:

ҚАЗАҚСТАН — БІЗДІҢ АТАЖҰРТЫМЫЗ

түркі әлеміндегі аса маңызды елдердің бірі

Халқымыз үшін түрік ағайындардың орны бөлек. Тілі мен діні, ділі бір ұлтпыз. Тарих пен мәдениетте де ұқсастықтар көп. Содан болар, егемендік алғанда Анадолы жұрты алғаш болып қуанды, дербестігімізді ең бірінші таныды. Көптің алды болып, Алматыдан өз елшілігін ашты. Міне, отыз жылдан асса да, мәңгілікке ұласқан достық аясында өрбіген байланыс тоқтамай, ағайын арасы үзілген емес. Осы орайда, екі ел арасындағы ынтымақтастық пен өзге де байланыстардың қазіргі жағдайы туралы Түркияның Алматыдағы Бас консулы Эврен Мүдеррисоғлымен сұхбаттасқан едік.

Түркия – Қазақстанның ең ірі инвесторларының бірі

– Эврен мырза, сұхбатымызды Қазақстан мен Түркия арасындағы байланыстардан бастасак...

– Түрік қоғамы әртүрлі салаларда Қазақстанның экономикасына өз үлесін қосып келеді. Біздің қарым-қатынасымыздың әлеуеті барлық салада зор екенін айта кеткен жөн. Түркия мен Қазақстанның ортақ тарихы, терең мәдени және халықтарымыз арасындағы берік достыққа негізделген саяси, дипломатиялық байланысы бар. Қазақстанның тәуелсіздігін Түркияның бірінші болып мойындауы – табиғи құбылыс. Меніңше, бұған таңқалудың қажеті жоқ. Себебі, бұл – ортақ тарихымыз бен бауырластығымыз үшін бізге жүктелген парызды орындау болды. Осыны ашық айтқым келеді. Түркия мен Қазақстанның өзекті халықаралық мәселелерге деген көзқарасы бірдей. Әлемдік үрдістер бойынша ұстанымдары өте жақын. Еліміздің ФЕТО, ПҚК, ДАИШ және ДНКРС сияқты лаңкестік ұйымдармен күресінде, сонымен қатар «армян геноциді» деп аталатын дискурстармен күресу сияқты ұлттық істерде Қазақстанның тұрақты қолдауы сезіледі. Лаңкестермен күресте әрқашан бізбен бірге болып келеді.

Кейінгі жылдары экономика саласында ілгерілеушілік байқалады. Қазір Қазақстанның әртүрлі салаларында үш мыңнан астам түрік компаниясы мен бизнесі жұмыс істейді. Қазақстандағы түрік кәсіпкерлері негізінен тамақ өнеркәсібі, фармацевтикалық химия өнеркәсібі, құрылыс, қонақүй шаруашылығы және өндіріс салаларында жұмыс істейді. Қорғаныс өнеркәсібі мен органикалық ауыл шаруашылығы – соңғы уақытта ең көп назар аударған секторлардың бірі. Түрік компаниялары Қазақстан экономикасына және өндірісті әртараптандыруға елеулі үлес қосуда. Түркия – Қазақстанның ең ірі инвесторларының бірі. Биыл Түркиядан Қазақстанға құйылған инвестицияның жиынтық көлемі алты миллиард доллардан асты. Қазақстандық инвесторлардың елімізге салған инвестициясының жалпы көлемі – бір миллиард доллар деңгейінде. Әрине, біз елдегі екі ірі инфрақұрылымдық жобада маңызды рөл атқарған түрік инвесторларын мақтан тұтамыз. Бүгінгі күні біздің мердігер компаниялар Қазақстанда бес жүзден астам жобаны жүзеге асырып, жиырма алты миллиард долларды құрайтын жұмыстарды қолға алды. Сондай-ақ, қазақстандықтар үшін демалуға лайықты елдер арасында Түркия бірінші орында деп айтуға болады. Біздің Қазақстанмен екіжақты қарым-қатынасымыз 30 жыл бойы ағайын ретінде болса, енді стратегиялық әріптестік деңгейінде дамып келеді.

Алматы – менің өмірімдегі ерекше орны бар қала

– Білім мен мәдениет салаларындағы байланыстар қалай дамуда?

– Екі тарап 2019 жылы қарым-қатынасты «кеңейтілген стратегиялық серіктестік» деңгейіне көтеру туралы шешім қабылдады. Осы



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

серіктестікті жоғары деңгейге көтеру арқылы қарым-қатынасымызды стратегиялық серіктестік деңгейіне көтердік. Бұл біздің байланысымызды жан-жақты тереңдетуге мүмкіндік береді.

Әрине, мәдениет пен білім беру саласындағы ынтымақтастығымыз көп қырлы байланыстың тағы бір маңызды бөлігі болып саналады. Қазақстан Түркияның стипендиялық бағдарламасына ең көп қызығушылық танытқан елдердің қатарында. Қазақстан тәуелсіздік алған жылы ашылған Халықаралық қазақ-түрік университеті – осы саладағы жұмысымыздың тағы бір нақты мысалы. Қожа Ахмет Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті 1992 жылы Түркістан қаласында Қазақстан мен Түркияның ынтымақтастығы негізінде құрылды. Түркітілдес мемлекеттер арасында ең алғаш халықаралық мәртебеге ие бірден-бір оқу орны 30 жыл ішінде Қазақстанның білім беру мен мәдени өміріне айтарлықтай үлес қосты.

Экономикалық, коммерциялық және халықаралық қатынастарда түрік тілінде оқыған, бакалавр және магистр дәрежесі бар білікті қызметкерлерге сұраныс артып келеді. Менің ойымша, Қазақстанда түрік университеттерінің әлеуеті жоғары. Қазіргі таңда Түркия ең көп шетелдік студенттер оқитын әлемдегі он елдің қатарына кіреді. Түркияның жоғары оқу орындарында 198 түрлі елден келген 350 мыңға жуық шетелдік студенттер білім алуда. Ендігі мақсат – одан да көп шетелдік студенттерді қабылдайтын жаһандық білім беру орталығына айналу. Оның ішінде қазақстандық бауырларымыздың Түркияда білім алып, университеттер арасында студент алмасу бағдарлары барлық саладағы ынтымақтастығымызды нығайтады деп ойлаймын. Біз қазақстандық түлектер санын көбейткіміз келеді.

2023-2024 оқу жылында Алматыдағы Түрік тілін оқыту курстарына 4600-ден астам қазақ бауырларымыз қатысып, түрік тілі бойынша білім алды. Алдағы 2024-2025 оқу жылында Алматыда 25 түрік тілі оқытушысы түрік тілін оқытатын болады. Бұл екі елдің тілдік және мәдени байланысын нығайтуға үлкен үлес қосады деп сенеміз.

– Алматыда Бас консул қызметін атқарғаныңызға бір жыл болды. Бірақ бұл шаһарда одан бұрын да жұмыс істегеніңізді

білеміз. Алматы туралы ойыңызды білгіміз келеді.

– 2002 жылдан бері дипломатиялық қызметтемін. Алматы менің өмірімдегі ерекше орны бар қала, себебі менің ең алғаш сыртқы қызметім Түркияның Қазақстандағы Елшілігінен басталды. 2006–2008 жылдар аралығында жас дипломат болып қызмет атқардым. Енді, міне осы әсем қалада қайта қызмет атқарып жатырмын. Алматыдан кейін Түркияның Варшава, Киев, Аддис-Абеба және Берн елшіліктерінде қызмет атқардым. Сонымен қатар, әр жылдары Түркияның Сыртқы істер министрлігінде Протокол бас директорының орынбасары, Шығыс Еуропа бойынша бас директордың орынбасары, Балқан және Орталық Еуропа бойынша бас директордың орынбасары және Еуропалық Одақ бойынша бас директордың орынбасары сияқты жауапты қызметтерде болдым.

Алматы он кезде де әдемі қала еді. Алғаш рет елімнен тыс жерде жұмыс істеген жер болғандықтан, сапарда жүрсем мен әрқашан осы шаһарды аңсаймын. Дәл осы қалада қызмет еткенімді мақтан тұтамын. Сонымен бірге, Қазақстан – біздің атажұртымыз, түркі әлеміндегі аса маңызды елдердің бірі. Маған осы қалада тағы да қызмет қылу мүмкіндігі бұйырғаныма қуаныштымын.

Алматы – әсем қала. Тек әдемі ғана емес, мәдениеті жоғары қала. Ежелгі тарихы бар көне қала кең жүректі, интеллектуалды және шынайы адамдарға толы. Бұл шаһар мен үшін ерекше ыстық, орны бөлек қала. Ұлтыма, мемлекетіме, барша түрік әлеміне жақсы қызмет етуге тырысамын.

Бауырластықтың жаңа белесі

– Қазақстан да, Түркия да Түркі мемлекеттері ұйымының негізін қалаушы елдер саналады. Екіжақты байланыстың сыртында аталмыш ұйым шеңберінде бірлігі бекем. Түркі елдерінің болашағына қатысты не айтасыз?

– Иә, Түркі мемлекеттерінің ұйымын құрған негізгі елдер. Егер түркі елдерінің болашағы туралы айтар болсақ, Түркі әлемі ынтымақтастығының келешегі жарқын. Түркітілдес ұлттар құрайтын мемлекеттердің болашағы да ғұмырлы болары сөзсіз. Себебі, бүкіл түркі

халқын байланыстыратын ортақ әдет-ғұрып пен ортақ тарих бар. Біз бір-бірімізбен тығыз байланыстамыз. Жаһандану үдерісі қарқын алып, Түркі әлемінің тұтастығын, болмысын сақтауға тырысу керек. Түркі елдері әсіресе, мәдени салада белсенді. Мәселен, осы салада ТҮРКСОЙ, Түркітілдес Парламенттер Ассамблеясы бар. Сондай-ақ, Түрік университеттерінің қауымдастығы жұмыс істейді. Сондықтан біз өмірдің барлық саласында байланыс орнаттық. Әсіресе, экономикалық және коммерциялық салада ынтымақтасу өте маңызды.

Бірнеше тіл білудің артықшылығы көп

– Бірқатар Батыс елдерінің елшілері, консулдары Қазақстанға келмей тұрып қазақ тілін үйрене бастайды. Әлеуметтік желіге қазақша сөйлеген видеоларын жиі жүктеп тұрады. Оған қарағанда біздің тілдеріміз өте ұқсас, үйренуге оңай. Қазақша-ңыз қалай? Үйреніп жүрсіз бе? Қанша тіл білесіз?

– Қазақ тілін үйреніп жүрмін. Иә, қазақ тілінің грамматикасы түрік тіліне ұқсайды. Бірақ кейбір сөздер біздің қолданыстағы сөздерден мүлдем өзгеше. Меніңше, бұған елдер арасындағы географиялық алшақтық себеп болған сияқты. Қазақша үйренгісі келетін түріктер үшін кирилл әліпбиін меңгеру қиындау болады. Тілді енді үйрене бастаған адам үшін тым күрделі болып көрінеді.

Тіл үйрену арқылы адам өзге ұлттың мәдениетін, тарихын, әдет-ғұрпын қоса меңгеруі керек. Осы тұрғыда көп тіл білудің артықшылығы көп. Сондықтан жастарға айтар кеңесім, қазір қолданып жүрген ұялы телефон арқылы онлайн платформалармен тіл үйренуге болады. Қазіргі ұрпақ технологияны әлдеқайда белсенді қолданады. Сондықтан жастарға мүмкіндігінше тіл үйренуге кеңес беремін. Олар әлемдегі ең танымал тілдерді үйренсін. Мен орыс тілі мен ағылшын тілін білемін. Қазір қазақ тілін үйреніп жатырмын.

– Қазақстанның қай қалаларында болдыңыз?

– Астана қаласында жиі боламын. Түркістан мен Тараз қалаларында болдым. Солтүстік пен Шығыс Қазақстанда болмадым. Алдағы уақытта Өскеменге және Қорқыт ата дүниеге келген шаһар – Қызылордаға барғым келеді.

– Екі халықтың қандай ұқсастықтарын байқадыңыз?

– Қазақ пен түрік мәдениеті өте ұқсас. Ресми әңгімелерімізде де ортақ тарихи мәдениетті айтамыз. Мәселен, сіздердегі кішкентай баланың аяғына ала жіп байлап, кесу, яғни тұсаукесер рәсімі біздің Анадолыда бар. Дәстүрде бір жасқа толған баланың аяғын арқанмен байлап, болашағы жарқын болсын деген игі тілекпен тұсауын кеседі.

– Сұхбатымыздың соңғы сұрағы болсын. Қазақ пен түрік қоғамы бір-бірін жақынырақ тану үшін тағы не істеу керек?

– Ең бастысы, әрине, ол – тіл. Халықтар бір-бірін жақынырақ тану үшін тілін түсінуі керек. Біз Түркиядағы қазақ тілі курстары мен мұнда қазақ және түрік курстарының санын көбейтіп жатырмыз. Қазір жастар осы ұялы телефоннан-ақ тілді тез үйренеді.

– Сөз соңында оқырмандарымызға айтар сөзіңіз болса, мархабат...

– Өткен аптада толассыз жауған жаңбырдың салдарынан Алматы Халықаралық әуежайының жаңа терминалын су басты. Аппарат құралын пайдалана отырып, осы ыңғайсыз жағдайға түсінік бергім келеді.

Бұл оқиға әлеуметтік желілер мен ақпарат құралдарында белсенді талқыланды. Әсіресе, 450 миллион долларлық TAV жобасы туралы сын-пікірлер де айтылып қалды. TAV жетекшілігіндегі Алматы Халықаралық әуежайы жобасы толық аяқталғаннан кейін әуежайдың жылдық жолаушы көрсеткішін 14 миллионға дейін жеткізе алады. Бұл көрсеткіш әуежайдың қазіргі мүмкіндіктерін айтарлықтай арттырады және аймақтың экономикалық дамуына да оң әсерін тигізеді. Осыған байланысты мен Алматы Халықаралық әуежайының президенті Гөкер Көсе мырзамен сөйлесіп, мұндай жағдайдың неден болғанын сұрадым. Өткен аптадағы оқиға бұрынғы дренаж жүйесінің жаңбыр суын игере алмағанынан болған. Гөкер Көсе мырзаның айтуынша, Алматы Халықаралық әуежайының басшылығы бұл мәселені шешу үшін шұғыл шаралар қабылдаған. Жаңбыр суын игеру мақсатында бұрынғы дренаж жүйесін ұлғайту және жаңарту бойынша жұмыстар басталды. Бұл жұмыстар әуежайдың қызмет көрсету сапасын жақсартуға бағытталған және болашақта осындай ыңғайсыз жағдайлар болмайтынын жеткізді.

– Уақыт бөліп, сұхбат бергеніңізге рахмет! Түркия мен Қазақстан арасындағы әріптестікке сәттілік тілейміз!

Сұхбаттасқан
Гүлжанат СЕМБАЕВА

АДАМ ЖӘНЕ ЗАҢ

ИНТЕРНЕТ АЛАЯҚТЫҚ ӨРШІП ТҰР...

Жыл басынан бері 7 мыңға жуық кибер-қылмыс тіркеліп, 12 миллиард теңгеге жуық қаражат алдап алынған



(Cyber: qaz-media.kz)

Алып шаһарымызда алаяқтардың құрбандары күн санап артууда. Оның ішінде интернет алаяқтық өршіп тұр. Жәбірленушілердің жас мөлшері мен әл-ауқатына қарамастан сан соқтыруда. Қорадағы соңғы қозыға дейін алдап алатындар жайлы не білеміз? Тақырыпты таркатпас бұрын интернет алаяқтық дегеніміз не екеніне тоқтала кетейік.

Ернұр
РЫСБАЙ

Интернет алаяқтардың көздегені – заңсыз жолмен өзгелердің қаражаты мен мүлкін қолды қылу. Бұл алаяқтық түрі ғаламтор арқылы, бағдарламалар мен басқа да қитұрқы айдалар арқылы іске асырылады. Мәселе тек біздің елде ғана емес, барша әлемді толғандырып отыр. Зұлымдардың жымсықы әрекетінен қарапайым халық шығынға батуда.

Қазіргі уақытта интернет алаяқтық жаңа деңгейге өткен. Жыл басынан бері 7 мыңға жуық кибер-қылмыс тіркеліп, 12 миллиард теңгеге жуық қаражат алдап алынған. Олар бұған дейін хабарлама жіберіп, қолғау шалса, енді құзырлы органдардың атын жамылтатын болған. Яғни осы кезге дейін тұрғындарға өздерін банк қызметкерімен деп таныстыратын. Одан кейін күмәнді ақша аударымы жайында айтып, арнайы хабарлама жібереді. Хабарламаға төрт сандық код келеді. Сол кодты айтқан кезде банк шоттарыңыздағы қаражатты жымқырып кетеді. Содан соң алаяқтықтың жаңа түрі пайда болды. Сіздің танысыңыздың мессенджерінен немесе хабарласып байланысқа шығады. Тіпті, ол кісінің даусын да айнытпай салады. Өзінің қиын жағдайға түсіп қалғанын айтып, ақшалай көмек сұрайды. Осы айлаға да көптеген адамдар алданып қалуда.

Кибер-алаықтардың қолында тек несие алғандардың ғана емес, барша қазақстандықтардың жеке мәліметі бар көрінеді. Себебі, алаяқтар бір ғана адамға қоңырау шалып, оның жақын туыстарына да байланысқа шығады. Тіпті жақындары жайында жеке мәліметтерді қолданады. Сол арқылы сенімге кіріп арам пиғылын іске асыратын көрінеді.

Қазіргі уақытта алаяқтар құзырлы органдардың атын жамылып, қитұрқы әрекетке баруды шығарған. Осы орайда, ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі тұрғындарды ескерткен болатын.

«Мессенджерлер (WhatsApp, Telegram мен басқа да байланыс арналары) арқылы жалған аккаунттар құратын және Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің басшылығы мен орган қызметкерлерінің атынан қоңырау шалатын, сондай-ақ жалған ақпарат жіберетін жеке тұлғалардың алаяқтық әрекеттері туралы азаматтарды ескертеміз. Алаяқтар Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің символикасы бар арнайы жасалған құжаттардың файлда-рын жібереді. Таратылып жатқан жалған ақпаратқа сенбеуді, күмәнді сілтемелерге өтпеуді, сонымен қатар қолма-қол ақша аудармауды сұраймыз», – деді сыбайлас жемқорлыққа қарсы агенттік.

Яғни бұндай қауіпті алаяқтар ойлағандарын жүзеге асыру үшін ештеңеден тайынбайды. Көбіне алаяқтар жәбірленушіге психологиялық қысым жасайды. Соның ішінде қорқыныш, қуаныш, уайым сияқты сезімдерді қолданады. Олай болса интернет алаяқтықтың алдын алу жолдарымен таныс болыңыз.

1. Банк шоттарыңызды әрдайым тексеріп отырыңыз. Егер сізге күмән туғызатын өзгерістерді байқасаңыз, бұл туралы тиісті орындарға жылдам-мырақ хабар беріңіз.

2. Жеке ақпарат пен компьютерді қорғау үшін брандмауэр мен вирусқа қарсы бағдарламаларды орнатыңыз және оларды үнемі ауыстырып отырыңыз.

3. Компьютеріңіздегі ақпараттық жүйені және бағдарламалық құралды жиі жаңалап отырыңыз.

4. Егер сіз абайсызда күмәнді хабарламадағы сілтемені басып қойған

болсаңыз, антивирустық бағдарламаны қосып, жүйені толық тексеріп шығыңыз.

5. Сілтемеге өтуді сұрайтын хабарламалардан сақ болыңыз. Күмәнді хабарламалардағы сілтемені басудан аулақ болыңыз.

6. Электронды поштаңызға немесе әлеуметтік желіңізге келген күдікті хабарламаны тезірек толығымен өшіріп тастаңыз.

7. Шифрлеу арқылы WiFi желісін қорғаңыз.

8. Сізге келген хабарламаның заңдылығын тексеру үшін компаниямен тікелей байланысыңыз немесе олардың веб-мекенжайын енгізу арқылы веб-бетіне кіріп тексеріңіз. Алайда, хабарламада көрсетілген сілтеме арқылы веб-бетке өтпеңіз.

9. Жеке құпия сөздерді қауіпсіз жерде сақтаған жөн. Сіздің құпия сөздеріңіз 8 символдан, сандардан және әріптерден құралғаны дұрыс. Әрбір онлайн тіркемелеріңізге әртүрлі құпия сөз пайдаланыңыз. Және оларды қауіпсіз жерге жазып алыңыз.

10. Хабарласқан бөгде адамдарға жеке немесе қаржылық деректеріңізді ешқашан айтпаңыз.

11. Қорғалмаған, ашық WiFi желісі арқылы өзіңіздің жеке шотыңызға кірмеңіз және сауда жасамағаныңыз абзал.

12. Ұялы телефоныңыздағы банк қосымшаларына, жеке деректерге құпия сөз енгізіп қойғаныңыз дұрыс.

13. Сатып алатын немесе жеке деректерді енгізетін сайттардың мекенжайларына назар аударыңыз. Сайт беті «http» деп емес, «https» арқылы басталуы тиіс.

Быттыр 2023 жылы 44 мың қазақстандық интернет арқылы жасалған кибер-қылмыстың құрбаны болған. Соның ішінде 140 миллиард теңге шығынға батқан. Технологиялар дамыған заманда өте сақ болу қажет. Цифрлық жеке ақпараттарымыздың қауіпсіздігіне біз де жауаптымыз. Себебі, алаяқтарға құпия сөзді айту арқылы, ақпараттарымызға жол ашып бермеуіміз керек. Қауіпсіз қоғамда өмір сүрудің жалғыз қағидасы «Сақтансаң – сақтайды...» деген сөз.

КӘСІБІҢ – НӘСІБІҢ



ЕҢБЕК ТЕ ТҮЗЕЙДІ

Балалар колониясында жиһаз жасайтын цех ашылды

Қылмыс жасап сотталған адамдарды жұмыспен қамту да күн тәртібінен түспеген мәселе. Жазасын өтеп жатқандар да бос отырмай, кәсіппен айналысуға тиіс. Түзеу мекемелерінің аумағында шағын өндіріс орындарын ашу, міне, осы түйінді шешуге айтарлықтай ықпал етуде.

Нұржамал
ӘЛШЕВА

ҚР Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетіне қарасты №11 мекемесіндегі бос ғимараттардың бірінде «Azeris» жиһаз цехы ашылды.

Ашылу рәсіміне Алматы қаласы, Алматы және Жетісу облыстары бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаментінің сотталғандардың еңбегін ұйымдастыру бөлімінің инспекторы, әділет подполковнигі Ерік Райымқұлов, «Атамекен» кәсіпкерлер палатасының бизнесіні қорғау және әкімшілік тосқауылдарды төмендету бөлімінің басшысы Еркебұлан Бейімбет және мекеме бастығы, әділет подполковнигі Мирас Толубаев қатысты.

– «Azeris» жиһаз жаса-

шығаратын цехына жаза-сын өтеп жатқан 8 жас-өспірім жұмысқа тұрды. Оларға еңбекақы төленеді. Жазалы жасөспірімдер аталған цехта зор ынтмен жұмыс істеуде. Бір жағынан қазір сұранысқа ие жиһаз жасау кәсібін меңгерсе, екінші жағынан табыс тауып, сонымен белгіленген шығындарын өтеуге және аз да болса ата-аналары мен бауырларына қаржылай көмек беруге мүмкіндік туғанына қуанышты. Сонымен қатар, еңбекке араласа жүріп шеберліктерін шыңдайды. Бостандыққа шыққан соң кәсібі бойынша жұмысқа орналаса алады, – дейді №11 мекеменің сотталғандардың еңбегін ұйымдастыру тобының аға инспекторы, әділет капитаны Толунай Низамова.

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ:

КӨМЕККЕ ҚАЙДА ЖҮГІНУ КЕРЕК?

Тәулік бойы жұмыс істейтін және кез келген уақытта көмекке келуге дайын жедел қызмет нөмірлерін есте сақтаңыз

ШҰҒЫЛ ҚЫЗМЕТ ТЕЛЕФОНДАРЫ

101 ӨРТКЕ ҚАРСЫ ҚЫЗМЕТ

102 ПОЛИЦИЯ

103 ЖЕДЕЛ МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕК

111 ОТБАСЫ, ӘЙЕЛДЕР ЖӘНЕ БАЛАЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША

112 ҚҰТҚАРУ ҚЫЗМЕТІ

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: ҚР Оқу-ағарту министрлігінің Баспасөз орталығы).



ӨЗГЕЛЕДРДІҢ ӨНЕГЕСІ

ЖАПОНИЯ ТӘЖІРИБЕСІ

Қазір әлемде дамыған мемлекеттердің озық тәжірибесін енгізу үрдісі кеңінен қолданылып келеді. Бұл ретте тек біздің мемлекетіміз ғана емес, әлемнің ең озық елдерінің өзі бұл тәсілді кеңінен қолданып отыр. Әрине, ең алдымен, әлемнің Жапонияға назар аударып, үлгі тұтуы түсінікті. Өйткені, еңбекқор елден үйренетін дүние өте көп. Қай салаға да бейім келетін елдің озық іс-тәжірибесі нәтижеге бастайтын баспалдақ іспетті. Соңғы жылдары Алматы қаласы әкімдігі «Алматы мектептері» деп аталатын ауқымды жобаны қолға алғаны белгілі. Осы жоба аясында мектеп басшылары мен мектепке дейінгі мекеме басшылары әлем елдерінде болып, біліктіліктерін арттырып жатыр. Жапония мемлекетіне барып қайтқан сала қызметкерлері біраз дүниені үйреніп, өз көздерімен көріп қайтқан еді.

Ең басты ұстаным – білім беру емес, тәрбие сіңіру, қоғамдық ортаға бейімдеу



Рая
ЕСКЕНДІР

Сонымен, аспан асты елдерінің бірі саналатын Жапонияда бала тәрбиесі басты орында. Баланы жас кезінен бастап еңбекке баулу бұл ел үшін қатаң қағида десе де болады. Жапонияда балабақшаның «Йоучиен» және «Хоикюен» деп аталатын екі түрі бар. Алдымен, «Йоучиен» балабақшасына тоқталайық. Мұнда балдырғандарды үш жастан бастап қабылдайды екен. Біздің балабақшалардан ерекшелігі – таңғы тоғыздан түс ауғанша істейді. Яғни түскі астан соң ата-аналар балаларын үйге алып кетуге тиіс. Мұндай балабақшада баланың қабілетін шыңдауға көбірек көңіл бөлініп, кәсіби суретшіліктің бастапқы негіздері үйретіледі. Сонымен қатар, балақайлар ағылшын тілі, музыка, спорт бойынша өзіне керекін алғаш рет осы йоучиеннен алатын көрінеді. Сондай-ақ, бұл балабақшалардың ерекшелігі – экскурсиялар, мәдени іс-шаралар жиі ұйымдастырылып отырады.

Ал «Хоикюен» деп аталатын бақша баланы 1 жастан бастап қабылдайды. Мұндағы ерекшелік – таңғы сегізден бастап, кешке дейін істейді. Әрине, жұмысбасты ата-аналарға бұл өте ыңғайлы. Өйткені, баланы таңертең апарып, кешке алып қайтады. Сосын жапон балабақшаларында сәбиге мейлінше еркіндік берілген. Мұнда нақты уақыт көрсетіліп, сол бойынша жүру керек, тәрбиеші айтқан кезде ғана демалу керек деген ұғым мүлдем жоқ. Мысалы, бала сурет салудан жалықса, басқа да қалаған нәрсемен айналыса береді.

Жапония балабақшаларында тағы бір ерекшелік – жекеменшік балабақша мен мемлекеттік балабақша арасында айтарлықтай айырмашылық жоқ. Бастысы, әр балабақшада балалар белгілі бір форманы киеді екен. Ал бірыңғай мектеп формасын кию тек мектеп оқушыларына ғана міндетті. Жапон балабақшаларының жұмысы жоғары оқу орындары мен мектептер сияқты үш секторға бөлінеді. Мәселен, балақайлар каникул кезінде де балабақшаға келіп, бассейн, тағы басқа қызметтерді пайдалана алады.

Жапон балабақшаларының өтемақысы да оңай емес. Мәселен, «Йоучиеннің» бағасы қымбаттау. Өйткені, мұнда материалдық жағынан артықшылық көп. Әрі кейбір йоучиендер белгілі бір университеттің қарамағына кірген. Сондықтан осындай элиталық балабақшаға барған бала университет жанындағы мектепке қабылданып, оны бітірген соң университетке емтихансыз қабылданады. Жапонияда ақылы балабақшаларда толық емес отбасылар мен табысы аз адамдарға жеңілдік жасалады.

Біздің елде балабақшаларда ер адамдар жұмыс істемейді. Дені әйелдер екені белгілі. Ал жапондарда балабақша менгерушілерінің елу пайызы – ер адамдар екен. Жапон

балабақшаларында тәрбиешілер екі және төрт жылдық арнайы курстан өтеді. Аталмыш курста баламен жүргізілетін жұмыстан басқа сурет салу, дене шынықтыру, оригами, музыка, тағы басқа пәндерді жүргізудің әдістемесі оқытылып, басқа да тәсілдерді үйретеді.

Сосын, бұл елде балаларды балабақшадан бастап отансүйгіштікке баули бастайды. Мәселен, балабақшалар ұлттық стильде жабдықталады. Тіпті, балалар ұйықтағанның өзінде тәрбиеші футон деп аталатын ұлттық көрпені төсейді. Балабақша жиназдарының өзі қарапайым, мұнда да жапондық нақыш байқалады. Жапон балабақшаларының ас мәзірі де қарапайым. Балаларға сүт, жеміс-көкөністерден әзірленген тағамдар беріледі. Балақайлардың аналары экскурсияға шыққанда жесін деп, обентоу деп аталатын тағам мәзірін дайындап береді. Обентоу қорапқа салынған жиырма төрт түрлі өнімнен тұратын ұлттық ас мәзірінің жиынтығы. Жапон мектептерінде оқитын оқушының анасы міндетті түрде обентоуды күн сайын мектепке беріп жібереді. Сонымен қатар, кез келген жапон әйелі обентоуды ешқашан дүкеннен сатып алмайды. Бұл тағамды өз қолымен әзірлейді. Оның ерекшелігі де осы. Жапонияда тағамның бұл түрі жыл мезгіліне сай безендірілуі де өзгеріп отырады. Өйткені, жапондар арасында «Жапондар көзбен жейді» деген тәміс кеңінен қалыптасқан.

Жапон балабақшасында әртүрлі өнер сабақтарынан бөлек, мектепке дайындық ретінде оқу, жазу негіздері де қоса оқытылады. Ең басты ұстаным – білім беру емес, тәрбие сіңіру, қоғамдық ортаға бейімдеу. Жапон балабақшаларында балаларды ойнату арқылы оларға мәселені шешу жолдарын да үйретеді. Жапон балабақшаларындағы тағы бір жақсы тәсіл – баланы бәсекелестік, бір-бірінен озу ниетінен алыс ұстайды. Өйткені, бұл елдің ежелгі Ата Заңында «адамның артықшылығы – қайшылықты болдырмау» деп жазылған. Бұған қоса, жапондар балалар арасындағы келіспеушілік салдары болашақта олардың ұжымға сіңуіне кедергі келтіреді деп есептейді. Сондықтан ұрыс-керіс, жанжал атаулының аулын алыс ұстағанды жөн көреді. Жапон елінде біз үйренер үрдіс көп. Мәселен, жапон білім жүйесінде балаларға хормен ән айтқызу үрдісі бар. Бұл, ең алдымен, ұйымшылдыққа баулиды. Сосын, жапондар бір әнші баланы

сахнаға жарқыратып жеке шығару педагогикалық этикетке жат нәрсе деп санайды. Олардың түсінігінде кішкентай кезінен баланы ел алдында дара ғып көрсету дұрыс емес. Жалпы, жапондар спортты жақсы көреді. Балалар балабақшадан бастап, мектепте жүрген кезінен спорттық жарыстарға белсене қатысады. Тіпті тәрбиешілердің өздері де бұлдіршіндермен бірге ойнап жүргенін көруге болады. Жапон балабақшасында ұсақ моториканы дамыту үшін оригами, оятори сияқты ұлттық өнер түрлері үйретіледі. Өйткені, ұсақ моториканы дамыту иероглиф жазу кезінде жеңіл болады. Жапон балабақшаларында бала тәрбиесіне ата-ана мен тәрбиеші бірдей жауапты. Жапон білім саласы ата-ананың да белсенділігін талап етеді. Сосын, тәрбиеші әр баланың ұйқысын, ас ішуін, өзін өзі ұстауын, қысқасы күні бойғы қимыл-әрекетін арнайы дәптерге жазып отырады. Бұған қоса, ата-аналар да баласының күнделікті әрекеттерін үйдегі дәптерге сипаттап жазып отыруы керек. Дұрыс қой, бала тәрбиесі ата-ана мен тәрбиешінің бірлесе еңбек етуі арқылы жүзеге асатын болғандықтан, бұл аса маңызды қадам. Әрине, мұнда тәрбиеші ата-анаға баланың өсіп-жетілу кезеңінде үлкендер тарапынан қандай қамқорлық жетпейді, соны көрсетіп отырады. Кез келген ата-ана бала тәрбиесі деген аса жауапты істе тәрбиешінің ақыл-көнесін ескеруге міндетті. Сосын, балабақшада ата-аналар жиналысы жиі өткізіледі.

Жапондардың ұлттық тәрбиесінде байырғы аңыз әңгімелері, халықтық өлең-жырларды оқып беру патриоттық рухта тәрбиелеудің басты құралы. Ең басты мақсат – дені сау, ұлтын сүйетін, ұлттық құндылықтарын қадірлейтін, мемлекетін қастерлейтін қоғам азаматын тәрбиелеп шығару. Кез келген жапон баласы туған өлкесінің тарихын білуге міндетті. Сол үшін баланы төзімділікке бейімдейтін, табиғатты жаны сүйетін азамат тәрбиелеу мақсатында топтық экскурсиялар ұйымдастырылады. Бұған қоса, күншығыс елінде табиғатпен байланысты балалар қатысатын мерекелер саны өте көп. Сондықтан да болар, жапон балалары табиғатты қолдап, аялауды өздеріне басты мақсат деп санайды. Табиғатқа деген сүйіспеншіліктен болар, әлем елдері арасында Жапонияны ұрыс-керісі жоқ қоғам деп те атайды. Жалпы, жапондар дау-дамайды

ұнатпайды. Өте сыпайы халық. Келіспеушілік туындаса үнсіз тарқасқанды жөн көреді. Оларда айтыс-тартыс, өзін ерекшелеп көрсету, өзінікі дұрыс екенін көп сөзбен дәлелдеу жапонға тән қасиет емес. Олар өздерінің дұрыстығын, туралығын ісімен дәлелдейді. Мәселен, тәрбиеші, мұғалім тапсырманы дұрыс орындамаса да балаға ұрыспайды. Тек ыммен, меңзеу арқылы дұрыс әрекет амалын көрсетеді. Жапон балабақшасы мен мектебінде балалардың миына салмақ салмау жағы басты орынға қойылған. Содан болар, әр саладан там-тұмдап мәлімет беру, сабақты еркін формада өткізу үрдісі байқалады. Ақпаратты үйіп-төгіп, мол мәліметті бірден сіңіруге мәжбүрлеу бұл елдің білім жүйесіне жат нәрсе. Керісінше, бала өзіне ұнайтын саланы тереңірек білгісі келсе, қосымша кітап оқып, өз бетінше ізденгенін құп көреді.

Жапонияда «Бәріміз жұмыла кірісейік» идеясы балабақшадан санаға сіңеді. Мұнда бұлдіршіндер кіші, орта және дайындық топтарына бөлініп, олар ұлттық мәдениеттің нышаны ретінде гүлдердің атымен аталады. Жапонияда мектептердегі сияқты балабақшалар жұмысы 1 сәуірде басталып, 6–8 баладан тұратын шағын топтарға бөлінеді. Сосын, жарты жыл сайын топ құрамы ауысып отырады. Бұл балаларды әлеуметтік ортаға бейімдеу үшін ойластырылған. Сонымен қатар, тәрбиешілер де алмасып отырады. Жапон балақайларына әрекетті таңдау еркіндігі берілген. Олар ойыншығымен жеке отырғаннан гөрі топтағы бұлдіршіндермен ойнағанын дұрыс санайды. Осылайша топпен ойнау арқылы адами қатынастар негізі қаланады деп есептейді. Сондықтан балаларға неше түрлі сабақ оқытып, өнер үйренуге күштеу мақсат емес.

Әрине, балабақшада ұлттық мерекелерге орай мәдени шаралар, спорт жарыстары өткізіледі. Балалардың мектепке баратын уақыты таяғанда ғана қатал тәртіп енгізіледі. Яғни мектепке дайындық сабақтары өткізіледі. Бұл біздің білім жүйесіндегі мектепалды топтардың жұмысына ұқсайды.

МЕМЛЕКЕТТІК СЫЙЛЫҚҚА ҰСЫНЫЛҒАН ШЫҒАРМА

ТҰСАУКЕСЕР



«ӘМУДАРИЯ ҚАЗАҚТАРЫ»

атты кітаптың
тұсаукесері өтті



Ернұр
РЫСБАЙ

Алматы қаласы №20
Көпшілік кітапханасында
«Қазақстан мен Орталық Азия
тарихын зерттеу институты»
ұйымдастыруымен
шығыстанушы, парсытанушы
Жомарт Жеңістің «Әмудария
қазақтары» тарихи
этнографиялық зерттеу» атты
кітабының тұсаукесері өтті.

Кітапта тарих ғылымының
кандидаты, Ш.Уәлиханов атындағы
Тарих және этнология институты-
ның жетекші ғылыми қызметкері
Жомарт Жеңістің 2023-2024
жылдары Ауғанстан мен Өзбек-
станға, Әмудария жағалауына
жасаған ғылыми экспедициясы
қорытындылары, осы аймақты
мекендейтін қазақтардың тарихы,
мәдениеті, шаруашылығы мен
қазіргі ахуалы қарастырылған.

– Бұл кітап Ауғанстанға
жасалған екі сапардың нәтижесі
бойынша жазылды. 2023 жылдың
желтоқсаны мен 2024 жылдың
ақпан айларында бардым. Сапар
барысында 1000-ға жуық шақырым
жүріп өттік. 100-ге жуық адаммен
сұхбаттастық.

Сонымен қатар, Ауғанстан
жайында отандық журналистердің
жазылған еңбектеріне сілтеме
жасай отырып пайдаланылды.
Кітапта Ауғанстандағы қазақтар
жайында көптеген мәліметтер
бар. Соның ішінде тарихы,
мәдениеті, шаруашылығы, қазіргі
өмірі мен болашағы жайында
баяндалады, – деді кітап авторы
Ж.Жеңіс.

Сондай-ақ, зерттеуде көбінесе
Ауған қазақтары жайлы осы күнге
дейін баспасөз беттерінде, ғылыми
жинақтарда жарияланған мәлімет-
тер топтастырылған. Кітап авторы
Жомарт Жеңістің айтуынша,
кітаптың қоғамға тигізер пайдасы
баршылық.

– Біз шеттегі қазақтарымызды
жинақтаудамыз. Басқа елдерде
көптеген қазақтарымыз бар. Оның
ішінде қаншамасы тіркелмеген.
Өзіміздің ұлттың адамдарын өзге
ұлттарға теліп жүрміз. Шындығы-
на келгенде, олар тарихтағы
өзіміздің ру-тайпаларымыз. Мәсе-
лен, өзге елде жүргендер өздерін
өзбек, қырғыз немесе тәжікпіні деп
есептемейді. Кәдімгі қазақтың
қара домалақ баласымен деп
атайды.

«БӘЙТЕРЕК БОЛҒЫН ЕҢСЕЛІ»

Белгілі ақын, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері
Болат Үсенбаевтың мемлекеттік бағдарлама бойынша жарық көрген
«Тәуелсіздік деген не?» деп аталатын өлеңдер мен ертегілер
жинағы жайлы бір үзік сыр

Бірде Бауыржан Момышұлы шетелге барғанында, одан: «Сіз әдебиетке қалай келдіңіз?» деп сұраса керек. Сонда батыр: «Мен әдебиетке соғыстың буксирінде отырып келдім» деп жауап беріпті. Сол айтқандай, белгілі ақын, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері Болат Үсенбаев балалар әдебиетіне ұзақ жолдардан өтіп келгені анық. Ол көп жыл бойы республикалық «Ақ желкен», «Балдырған» журналдарында абыройлы қызмет атқарды. Өлеңдері мектеп және балабақша оқулықтарына, балалар поэзиясының антологияларына еніп, жас оқырмандардың игілігіне айналуда.

Қазір қолымызда ақынның мемлекеттік бағдарлама бойынша жарық көрген «Тәуелсіздік деген не?» деп аталатын өлеңдер мен ертегілер жинағы тұр. Кітап балаларды оқуға қызықтыратындай әдемі безендірілген. Шығармалар тақырып бойынша сегіз бөлімге топтастырып берілген. Жинақтың атауы да ұтымды қойылған, өйткені біз тәуелсіз елміз деп айта береміз де, шын мәнінде «Тәуелсіздік деген не?» деген сұрақты қоя бермейміз. Бұл тұрғыда, әсіресе, балаларды жастайынан ойлан-дырудың маңызы зор. Тәуелсіздіктің басты тірегі – тіл десек:

Ана тілің – ертегің,
Ана тілің – өркенің,
Ана тілің – ертеңің.
Қадірле ана тіліңді –
Жүрегіңнің бөлшегің! –

дейді ақын. Әр бала ана тілін жүрегінің бөлшегі деп өссе, тәуелсіздіктің бір-бір тұтқасына айналмақ. Кітаппен аттас «Тәуелсіздік деген не?» деген өлеңде осы ойдың бекітіле түскенін көреміз: «Бұзылмауы дініңнің, Тұтастығы халқыңның. Мерейі өсіп тіліңнің, Сақталуы салтыңның».

Тәуелсіздіктің сақталуының негізгі сипаттары осылар болса керек.

Келесі бір сала – жас ұрпақ өз ұлтының тарихын, тұлғаларын білуі және сүйюі. Кітаптың «Құрмет жырлары» деген бөлімі осыны қамтиды. Мұнда Абай, Махамбет, Бауыржан, тағы басқа тұлғалар туралы өлеңдер бар. «Абайды сүю арқылы Ұлтымды сүйдім деп білдім!», – дейді.

Немесе:
Кектің көзі – Махамбет,
Көптің сөзі – Махамбет.
Армандайды әр бала,
Махамбеттей болсам деп.

Тәуелсіздігің – табан тірер туған жерің, табиғатың. Кітаптың «Табиғат – тылсым әлем» бөліміне жас оқырманды табиғатты сүйуге баулитын туындылар енгізіліпті. Лирикалық кейіпкер бала бірде қошақанының ауырғанына алаңдап, «Енең тілін алмапсың, сыздау жерге жатыпсың» деп бәйек болса, енді бірде ерте келген қараторғайға:

Сағынып-ақ қалғансың ба,
Боз далаңды пәк құсым?!
Қар бар әлі тау басында,
Тоңып қалған жоқпысың?! –

деп жаны ашиды.

«Көк бұзау» деген өлеңде бала ойынға алданып жүргенде бұзауы енесін еміп қояды. Бала кателігін мойындайды. Әжем маған қамықты:
«Бұзауыңа қарамай...»
Төмен қарай қалыпты,
Тәртіп бұзған баладай.
Бұзаудың да баламен бірге кінәлі жанша тұра калуы күлкі шақырады. Осындай езу тартқызатын жылы юмор көптеген тапқақтарда бар. «Ботакан» өлеңінде бала даланың гүлдерін теріп алып, ботаның мойнына тағып береді: «Мәз болғамын күлімдеп, Деп көрікті ботакан. Бір қарасам гүлім жоқ, Жеп қойыпты ботакан».



«Мақтаншақ мысық» өлеңінде сілеусінге, барысқа тек жағынан туыспын деп мақтанатын мысықтың тышқанға ғана шамасы жететіні белгілі болады. Пілдің суретін салғысы келетін, бірақ қағазға сыймайды деп уайымдайтын суретші бала Сыдықтың, мұғалім ермексиздан тауық жасандар дегенде, екі аяғы бар тауық құлап қалады екен, төрт аяқ жасайыншы дейтін Қабылдың қылықтары да күлкілі. «Оқылмайтын жазу» деген өлеңде төрт жастағы Нұрбектің дәптерді шимайға толтырып жатқанын көреміз:

Қарағанмын көп шұбамен,
Таңдандырды тосын жай тым.
– Мынауың не? – деп сұрап ем,
– Жазу, – деді, – оқылмайтын.

Балалардың өміріндегі осындай қызықты сәттерді байқай білу, оны сол балалар үшін қызықты өлеңге айналдыра білу де ақындық алғырлықтың бір көрінісі.

Тәуелсіз елдің ұландары үшін ең бір керектісі ұлттық мінез десек, біз сөз етіп отырған кітапта мінезді тәрбиелейтін өлеңдер де жеткілікті. «Намыс» деген өлеңді алып қарайық:

Намысы жоқ ынжыққа
Көлеңкесі үрейлі.
Мойынсұны құлдыққа,
Ііні түсіп жүдейді.

Туын көтер жұртыңның,
Көзіңді тік алысқа.
Қыранға ұқсап сілкінгін,
Мәселе – ұлттық намыста! – деп түйінделген. «Бәйтерек болғын еңселі»

деген өлең байырғы жыраулар термесінің үлгісімен жазылып, насихат, бата түрінде өріледі. Жас өскінге бүгінгі тәуелсіздіктің тірегі өзіңсің, сабырлы, әділ бол. Уақытыңды бағала, әдепті, текті бол, сыныққа сылтау іздеме, кісілікті бол деген сияқты өнеге сөздерін айта келіп, одан әрі қайрат-жігер беретін өсиеттермен әдіптейді:

Тіршілік – көкпар, додада
Тартыссыз тірлік бола ма?
Арланды қайтіп алады
Тығылған күшік қораға.
Ар менен ұятты аяла,

Барыңды елден аяма.
Бәйтерек болсаң еңселі
Жиналар бар жұрт саяңа!
«Тек туралы сөз» өлеңі де осымен үндеседі. Соңғы шумақтарын оқып көрейік:
Парасаты жоқтарды
Адам құрлы көрмеген.
Имансыз бен сотқарды
«Өй, тексіз!» – деп жерлеген.

Тұншығып ұят – теңізге,
Қайбір жақсы күнде өлген.
Тексіз екен дегізбе,
Тектілікті білген жөн!

Кітаптың «Жақсы мен жаман» деп аталған бөлімінде осы тақырыптар толығырақ қамтылады. Мұндағы өлеңдердің аттарының өзі баланы қандай кемшіліктен сақтандырып тұрғанын аңғартады. Мысалы, «Ұялшақ», «Шолжаң», «Алаңғасар», «Салақ бала», «Мінезінің шатағы-ай!», «Бақырауық Бапан», т.с.с. Керісінше, мінез-құлқын үлгі етуге болатын балалар туралы «Жігіт болдым», «Қолғабыс», «Еліктеймін атама», «Ісмер қыз», «Кітабыма үңілдім», «Шөпке бардым», «Мұнтаздай қыз», «Зерек бала», «Қайырымды бала» сияқты тартымды да тағылымды туындылар бар.

Бұл кітапты оқып шыққан әрбір бала «Тәуелсіздік деген не?» деген сұраққа өз шама-шарқынша жауап тауып, көкірегіне түйе білмек. Жинақтың тағы бір ерекшелігі, одан оқушылар да, мұғалімдер де өзіне керекті кез келген дерлік тақырыпты тауып алуына болады. Ұлттық рәміздер, туған жер, Отан, тарих, салт-дәстүр, тұлғалар, әртүрлі мереке-мейрамдар, балабақша жырлары, табиғат сырлары, төрт түлік, жан-жануар, жақсы мен жаман...

Ересектерге арналған «Жеңеше», «Жүзік», «Таңғы шық», «Киікоты», «Күрең күз» жыр жинақтарымен әдеби ортада және оқырман қауым арасында бұрыннан жақсы танымал ақын Болат Үсенбаевтың балаларға арналған «Тәуелсіздік деген не?» деп аталатын жаңа кітабы – қазіргі қазақ балалар әдебиетіне қосылған қомақты үлес. Ол тәуелсіз елдің мемлекеттік сыйлығына ұсынылып, іріктеу сынынан сәтті өткен екен.

Будақ-будақ бу атып,
Жон арқасын жуып тер.
Қою шаңды шұбатып,
Құйғытады жүйріктер –
деп, ақын аға өзі «Бәйгеде» деген өлеңінде айтқанындай, құйғытқан жүйріктерден қара үзіп шығып, дара шауып келуіне тілектеспіз.

Қайырбек ШАҒЫР,
ақын,

ҚР Жазушылар одағының мүшесі.



«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне 2024 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі, «Эврика Пресс» өкілдіктерінде жазылуға болады. Бізді [aqshamnews.kz](#) сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2024 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 536,12 теңге, 3 айға – 1608,36 теңге, 5 айға – 2680,60 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 736,12 теңге, 3 айға – 2208,36 теңге, 5 айға – 3680,60 теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін) 1 айға – 336,12 теңге, 3 айға – 1008,36 теңге, 5 айға – 1680,60 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03.

Құрметті оқырмандар!

«Almaty aqshamy» газетінің баспа нұсқасына жазылуды енді **Post.kz сайты** арқылы немесе мобильді қосымшаны пайдалана отырып, онлайн режимде ресімдеуге болатынын қуана хабарлаймыз. Жылдам іздеу функциясы арқылы «Almaty aqshamy» газетін тауып, оған жазылуды бір сәтте рәсімдеуге болады. Газетке жазылу үшін оның қажетті санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің картасымен төлем жасау қажет.

Жазылу индекстері мен жазылу құны «Almaty aqshamy» газетінің баспа нұсқасына жазылумен тең. Газет **Post.kz**-пен рәсімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жеткізіледі. Қызмет **24/7** қолжетімді.

МАҢЫЗДЫ ҚАДАМ

БАЛАЛАРҒА КӨМЕК БАҒДАРЛАМАСЫ

Мақсат – зорлық-зомбылыққа, қатыгездікке, буллингке ұшыраған, сондай-ақ қылмысқа куә болған балаларға кешенді көмек көрсету

Оқу-ағарту министрлігі әрбір баланың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында зорлық-зомбылықтан зардап шеккен балаларға көмек көрсету бағдарламасын әзірледі.

Бұл туралы министрліктің баспасөз орталығы хабарлады. Мақсат – зорлық-зомбылыққа, қатыгездікке, буллингке ұшыраған, сондай-ақ қылмысқа куә болған балаларға кешенді көмек көрсету. Бағдарлама балалардың эмоциялық, когнитивтік және мінез-құлқындағы салдарларды еңсеруге бағытталған. Бастама балаларға көмек көрсету алгоритмін және көмелетке толмағандардың қажеттіліктерін бағалау негізінде медициналық, психологиялық, педагогикалық, әлеуметтік және құқықтық көмек көрсету түрлерінің кешенін қамтиды. Көмек көрсету облыстық деңгейде психологиялық қолдау орталықтарының, аудандық деңгейде білім бөлімдерінің базасында іске асырылмақ. Сондай-ақ, бағдарлама шеңберінде балалар мен олардың ата-аналарына психологиялық көмек көрсету бойынша бірыңғай әдістемелік ұсынымдар әзірленді.

– *Әрбір бала зорлық-зомбылықтан қорғалуы тиіс. Осы бастаманың қабылдануы мемлекет пен қоғамның бала құқығын қорғау және әрбір баланың қауіпсіз балалық шағын қамтамасыз етудегі міндеттемесінің көрінісі. Бұл бағдарлама балаларға зардап салдарымен күресу және психологиялық тұрғыда қолдау жүйесін құрудағы маңызды қадам болып табылады,* – деп атап өтті ҚР Оқу-ағарту министрлігі Балалардың құқығын қорғау комитеті төрағасының орынбасары Юлия Овечкина.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ТАРИХИ ТАНЫМ

ЕСІК ҚОРЫҒЫН АРАЛАДЫ

Алматының мектеп оқушылары жайдары жазды мағыналы өткізіп жатыр. Оқушылар сарайының жас ғалымдары «Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығына барып, ондағы әлемді таңқалдырған жәдігерлерді тамашалап қайтты. Тарихи саяхат барысында болашақ жас ғалымдар темір дәуірден сақталған сақ ханзадасының алтын киімді экзонатын, ежелгі тайпалардың наным-түсінігінен сыр шертетін басқа да жәдігерлерді өз көздерімен көріп, қыш сынықтарын қолмен ұстап көрді.

Сонымен қатар, «Сақтардың тарихы мен мәдениеті», «Алтын адам», «Қазақстан археологиясы», «Уақытша көрмелер залы» атты экспозициялық залдарды аралап, тарихи-мәдени құндылықтардан өздеріне қажетті бай мәліметтерді жинақтады. Аталмыш қорық-музейдің бір бұрышына орналасқан «Алтын адамды» алғаш тапқан археолог Бекмұханбет Нұрмұханбетов туралы да құнды деректерге қанықты. Жас ғалымдарды мұндағы зерттеулердің әлі де жалғасатыны қатты қызықтырды.

– *Сақ бабаларымыздың жатқан қасиетті қорымы бүгінгі ұрпақ үшін киелі мекен. Сондықтан әрбір азамат осы жерге келіп, тарихымызды көзбен көріп, бай мұраларымыздың қасиетін сезінуі керек,* – дейді олар.

Рая ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ.

ЖАРНАМА

Алматы қаласы Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы «Алматы қаласының Ерте араласу орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының директоры бос лауазым орнына орналасуға конкурс жариялайды

«Алматы қаласы Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының «Алматы қаласының Ерте араласу орталығы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – Кәсіпорын), 050000, Алматы қ., Шевченко к-сі., 67/3 үй, телефон 338-30-70.

Кәсіпорын қызметінің негізгі мәні диагностика, түзету, абилитация және оңалтуды қоса алғанда, даму ерекшеліктері бар балаларға ерте араласу саласында қызметтер көрсету болып табылады.

Кәсіпорын қызметінің мақсаты даму ерекшеліктері бар балаларға ерте араласу саласында кешенді қызметтер көрсету жолымен онтайлы физикалық, психологиялық және әлеуметтік дамуды қамтамасыз етуге бағытталған, оларды қалыптастырудың маңызды кезеңінде балаларды белсенді қолдау болып табылады. Әрбір бала үшін оның бірегей қажеттіліктері мен қабілеттері сақталатын, сондай-ақ болашақта толыққанды және табысты әлеуметтенуге ықпал ететін қолайлы орта құру.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) (әлеуметтік, педагогикалық, медициналық, заң, экономикалық) білім және жұмыс өтілі әлеуметтік қорғау жүйесінде (барлық меншік нысанындағы ұйымдардағы) кемінде 3 жыл немесе ұйымның бейініне сәйкес келетін экономикалық қызмет түрінде басшы лауазымдарында кемінде 5 жыл немесе денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет және спорт саласындағы үкіметтік емес (мемлекеттік емес) ұйымдарда басшы лауазымдарда кемінде 5 жыл.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын жалпы талаптар: Қазақстан Республикасының Конституциясы, Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы кодексті; Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы кодексті; Әлеуметтік кодексін; Еңбек кодексін; Тіл туралы заңды; Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы заңды; Баланың құқықтары туралы заңды; Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңды; Мемлекеттік сатып алу туралы заңды; «Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы» Кодексі, Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңын; Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік меншік туралы» Заңы және Қазақстан Республикасының осы кәсіпорынның қызметі саласындағы қатынастарды реттейтін басқа да нормативтік құқықтық актілерін білуі қажет.

Конкурс Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 2 ақпандағы №70 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік кәсіпорынның басшысын тағайындау және аттестаттау жүргізу, сондай-ақ оның кандидатурасын келісу қағидалары негізінде өткізіледі.

Конкурсқа қатысу үшін тапсырылатын құжаттардың тізімі:

1) конкурсқа қатысу туралы өтініш;
2) мемлекеттік және орыс тілдеріндегі түйіндеме;
3) білімі туралы құжаттардың көшірмелері;
4) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 35-бабына сәйкес жұмыскердің еңбек қызметін растайтын құжаттар;

6) денсаулық жағдайы туралы анықтама (075/У нысаны).
Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс стажына, кәсіби даярлық деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар, бұрынғы жұмыс орнының басшылығынан ұсынымдар туралы құжаттардың көшірмелері және т.с.) беруіне болады.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар Алматы қаласы Жұмыспен қамту әлеуметтік бағдарламалар басқармасына конкурс өткізу туралы хабарландыру ресми БАҚ басылымдарында және Алматы қаласы Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы сайтында соңғы жарияланған күннен бастап күнтізбелік 15 күн ішінде ұсынылуы тиіс [www.gov.kz](#), мекенжайы: 050021, Алматы қ., Достық даңғылы, 85, 4-қабат (417-қаб.).

Конкурсқа қатысуға жербірлген тұлғалар тізімі анықталғаннан кейін күнтізбелік 10 күн ішінде конкурсқа қатысушылар әңгімелесуді Алматы қаласы Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасында өтеді.

Анықтама телефоны: 338-30-70; 338-30-50.

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ

«Алматы электр станциялары» АҚ «Қоршаған ортаға тигізетін әсерін азайта отырып, Алматы 2-ЖЭО-ын жаңғырту» жобасын іске асыру шеңберінде «Несер және шаруашылық ағындарының сорғы станцияларын салу» жобасына Қоршаған ортаны қорғау бөлімінің (ҚОҚБ) материалдары бойынша жария талқылау нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Қоғамдық талқылаулар 2024 жылдың 30 шілдесінен бастап 5 жұмыс күні ішінде, **[www.ecoportal.kz](#)** бірыңғай экологиялық порталда өткізіледі.

Жобаны әзірлеуші: «Институт «КазНИПИ Энергопром» АҚ, заңды мекенжайы: Алматы қ., Абылай хан даңғылы, 58 А, байланыстағы тұлғасы: Юлия Нестерова, e-mail: [u.nesterova@knerp.kz](#), **8 701 210 98 00**.

Бастамашы: «АлЭС» АҚ, заңды мекенжайы: Алматы қ, Достық даңғылы, 7, БСН 060640001713, байланыстағы тұлға: Арзюкова Зоя, e-mail: [zarzyukova@ales.kz](#), **8 (727) 254-03-27, 254-04-73**.

Қоғамдық тыңдау материалдарымен **[www.ecoportal.kz](#)**, бірыңғай экологиялық порталда және Алматы қаласының экология және қоршаған орта басқармасы сайтында **[www.gov.kz/memleket/entities/almaty-eco/press/article1?activities=38378&lang=ru](#)** «Қоғамдық талқылаулар» бөлімінде танысуға болады.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ

Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерциялық директор –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12. E-mail: [rekalatauaqqarat@gmail.com](#)

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail: [rekalatauaqqarat@gmail.com](#)
тел: 293-08-25

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ, Сейітқазы МАТАЕВ.

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА...

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:
8 707 862 30 08, 8 777078 53 48

(Татьяна Титова, Логистика және өндіріс бөлімі) телефоны арқылы сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:

«Alatau Aqparat» ЖШС.

E-mail: [alatauaqqarat@gmail.com](#)

Мекенжайымыз:

Индекс: 050022.

Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет, сейсенбі және жұма күндері шығарылады. Нөмірдің таралымы – 8152 дана (сейсенбі)

Кезекші редактор – Рая ЕСКЕНДІР

Газет "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген. Тіркеу туралы № KZ17VPY00085956 куәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy» -ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В. Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00. Оффсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.

ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ

Жасанды интеллект:

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҰСТАЗДАР
МЕН ОҚУШЫЛАР

бағдарламалау дағдыларын меңгереді

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша ҚР Оқу-ағарту министрлігі оқушылар мен педагогтарға арналған бағдарламалау негіздерін оқытатын онлайн-білім беру платформасының пилоттық жобасын іске қосты, деп хабарлайды ведомствоның баспасөз қызметі.

Бастапқы кезеңінде 300 мұғалім мен тренер «Жасанды интеллект» және Game Development бағыттары бойынша біліктілігін арттыруда. Биыл 31 желтоқсанда аяқталатын курстар алты айға жоспарланған. ЦДИАӨМ, «Astana hub» халықаралық технопаркiмен және «Өрлеу» БАҰО АҚ-мен бірлесе қолға алынған бұл курс аяқталған соң әрбір қатысушыға сертификат берiлмек. Олар әpi қарай оқушылар мен педагогтарды бағдарламалау негiздерiне оқыта алады.

Оқушылар өздерiне ыңғайлы уақытта дәpiс алады. Әр сабақта бейнедәpiс, қосымша материалдар және тест тапсырмалары бар. Сондай-ақ, қатысушылар пилоттық жоба үйлестiрушiлерiнен көмек сұрай алады. Пилоттық жоба барлығы 27 мыңнан астам оқушыны қамтымақ.

БӘРЕКЕЛДІ!

АЛМАТЫЛЫҚ
ЖАСТАРАвстралияда робототехникадан өткен
чемпионатта екі жүлде иеленді

Еліміздің Оқу-ағарту министрлігінің Баспасөз орталығы хабарлағандай, Қазақстанның «Sana Team» құрамасы FIRST Tech Challenge категориясы бойынша Asia Pacific Open Championship халықаралық чемпионатының жеңімпазы атанды.

қорғаған бұл команда Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің қолдауымен USTEM Foundation қоры мен «Дарын» РҒПО ұйымдастырған Central Asia FIRST Championship Орталық Азия чемпионаты кезінде әлем чемпионатына жолдама алған болатын. Чемпионатта жеңіске жету – біздің оқушылар үшін әлемдік жетекші жоғары оқу орындарына грант алуға жол ашады.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Дарын СМАЙЫЛ,
команда капитаны:

ЖЕҢІЛІССІЗ ЖАҚСЫ
ӨНЕР КӨРСЕТТІК

Алғашқы екі күнде біз жеңіліссіз алға шықтық. Ойынның соңғы күні қиынырақ болды, бірақ финалға өттік. Біз робот ойынында жақсы өнер көрсетіп қана қоймай, қазылар алқасының алдында өз портфолиомызды қорғай алғанымызға өте қуаныштымыз.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: www.gov.kz).

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Гүлнәр ТАЛАСБАЕВА,
Орта білім беру комитетінің басқарма басшысы:

IT-өнімдерді жасауға мүмкіндік береді

Пилоттық мектептердің білім алушылары бағдарламалау негіздері бойынша биыл шілде-желтоқсан аралығында онлайн-режимде «No Code», «Low Code» және «Startup Academy» курстарынан және офлайн 2025 жылдың қаңтарынан бастап бағдарламалау негіздері бойынша оқиды. Қазір Astana Hub платформасында білім алушыларды онлайн тіркеу жүріп жатыр. Әр оқушыға құпия сөз бен логин беріледі, оның көмегімен олар модульдерді игеріп, тапсырмаларды орындап, тестілеуден өте алады. Барлық модульдерден сәтті өткен білім алушыларға курсты аяқтағаны туралы сертификат беріледі, бұл IT-өнімдерді жасауға мүмкіндік беретін болады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: ortcom.kz).

КАРИКАТУРА СӨЙЛЕСІН



Карикатураны салған Ғалым СМАҒУЛҰЛЫ.

